

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР «ДАРЫН»**

**ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ВЕБИНАРЛАРДЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
РЕСПУБЛИКАНСКИХ ВЕБИНАРОВ
ДЛЯ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ**

*Бұл материалдар жинағы 2021-2023 жж. жүзеге асырылатын OR 11465474
«Білім және ғылым жүйесін модернизациялаудың ғылыми негіздері» зерттеуді
бағдарламалық мақсатты қаржыландыру шегінде дайындалды.*

*Данный сборник материалов выполнен в рамках НТП ПЦФ МОН РК
«Научные основы модернизации системы образования и науки» (2021-2023)
Рег. № OR11465474*

**Нұр-Сұлтан, 2022 жыл
Нур-Султан, 2022 год**

УДК 37.013.77
ББК 74.6
П23

Басылымға ҚР БҒМ «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының оқу-әдістемелік Кеңесімен ұсынылған.

Педагог-психологтарға арналған республикалық вебинарлар материалдарында оқу-тәрбие процесінде дарынды оқушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеуге байланысты кең ауқымды мәселелер қарастырылған.

П23 «Педагог-психологтарға арналған республикалық вебинарлар жинағы». – Нұр-Сұлтан: «Дарын», 2022 ж., 128 б.

ISBN 978-601-08-2395-2

Рекомендовано к изданию учебно-методическим Советом Республиканского научно-практического центра «Дарын» МОН РК.

В материалах республиканских вебинаров для педагогов-психологов рассматривается широкий круг вопросов, связанных с проблемой обучения, развития и воспитания одаренных и мотивированных школьников в учебно-воспитательном процессе.

П23 «Сборник материалов республиканских вебинаров для педагогов-психологов». – Нұр-Сұлтан: «Дарын», 2022 ж., 128 с.

ISBN 978-601-08-2395-2

УДК 37.013.77
ББК 74.6



© «Дарын», 2022.
Компьютерлік теру және баспа
«Дарын» РҒПО медиа сүйемелдеу
және баспа қызметі бөлімінде
жасалған

ISBN 978-601-08-2395-2

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Абигузина Р.Н.	Тренинг как метод профориентационной работы с учащимися 8-11 классов.....	5
2.	Байжуманова Б.Ш.	Дарынды балалардың шығармашылық ойлауын дамыту.....	11
3.	Байсимакова А.Б.	Формирование ключевых компетенций ученика.....	28
4.	Бакиева М. А.	Бастауыш сыныптарда оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған жұмыс түрлері.....	34
5.	Истигулова М.К.	Мәртебелі психолог – жаңашылдық шебері	41
6.	Каркулова А.А.	Особенности и системные пути работы с одаренными детьми.....	47
7.	Копбаева А.Е.	Психологические основы профориентационной работы с учащимися 8-10 классов.....	54
8.	Мамырбекова А.З.	Дарынды балаларды психологиялық қолдау	61
9.	Манасова Б.М.	Арт-терапияны мектеп психологтарының практикалық жұмысына қолдану.....	70
10.	Марченко Е.В.	Взаимодействие психолога с родителями одаренного ребенка.....	79
11.	Мамбеталина А.С.	Методика оценки одаренности школьников	85
12.	Мукажанова А. И.	Мектеп қабырғасындағы жәбірлеуді тоқтатудың он қадамы.....	101
13.	Сатова А.К., Сатанов А.Б.	Некоторые особенности личностного развития одаренных старшеклассников.....	108
14.	Шаймарданова Н.Т.	Дарынды оқушылардың психоэмоционалдық жағдайын реттеу жолдары.....	114
15.	Шалтаева М.Н.	Возможности психологических акций в поддержке психологического здоровья участников образовательного процесса в школе.....	121

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Подготовка ребенка к жизни в современных условиях предполагает развитие его внутреннего потенциала в полной мере, то есть выявление и совершенствование всех его способностей. В последние годы работа с одаренными детьми выделяется в разряд приоритетных направлений, как на уровне общества, так и на уровне государства. В центре внимания общества находится проблема всестороннего развития одаренных детей. Вопросы обучения и воспитания одаренных детей имеют важное общественное значение: талантливый человек – особая ценность для общества.

В содержании сборника сделана попытка ученых, педагогов-психологов рассмотреть особенности и системные пути работы с одаренными детьми, профориентационную работу, формирование ключевых компетенций ученика, возможности психологических акций в поддержке психологического здоровья участников образовательного процесса в школе, определить некоторые особенности личностного развития старшеклассников, использование арт-терапии в регуляции психоэмоциональной сферы школьников, пути регуляции психоэмоционального состояния одаренных учащихся, использование арт-терапии для регуляции психоэмоциональной сферы школьников, взаимодействие психолога с родителями одаренного ребенка и многие другие вопросы.

В материалах сборника впервые описывается методика «Оценка одаренности экспертом», разработанная к.пс.н. Мамбеталиной А.С. Методика позволяет выявлять интеллектуальные, академические, творческие и социальные виды одаренности. Социальная одаренность является одним из важных навыков специалиста 2025 года, согласно исследованиям, представленным на экономическом форуме 2020 года.

Сборник материалов республиканских вебинаров издается к печати в целях реализации научно-исследовательской работы «Разработка комплексной программы сопровождения одаренных и мотивированных обучающихся» в рамках программно-целевого финансирования на тему «Научные основы модернизации системы образования и науки» на 2021-2023 г.г.

Мы надеемся, что материалы республиканских вебинаров для педагогов-психологов будут полезны педагогам, психологам, магистрантам, студентам и всем, кто интересуется проблемами психолого-педагогического сопровождения одаренных и мотивированных детей.

ТРЕНИНГ КАК МЕТОД ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЫ С УЧАЩИМИСЯ 8-11 КЛАССОВ

*Абигузина Римма Нургалиевна,
педагог-психолог, педагог-мастер
ГУ «Школа-лицей № 8 для одаренных детей»
города Павлодар*

В жизни человеку приходится делать, как минимум, два выбора, имеющих влияние на все его дальнейшее существование: выбор спутника жизни и выбор профессии.

[Дейл Карнеги]

Сегодняшним детям предстоит работать по профессиям, которых пока нет. Использовать технологии, которые еще не созданы, решать задачи, о которых мы можем лишь догадываться. Современная экономическая обстановка заставляет предъявлять все более высокие требования к индивидуальным особенностям человека. Рыночные отношения кардинально меняют характер и цели труда: возрастает его интенсивность, усиливается напряженность, требуется высокий профессионализм, выносливость и ответственность [1]. В связи с этим огромное внимание необходимо уделять проведению целенаправленной профориентационной работы среди школьников, которая должна опираться на глубокое знание всей системы основных факторов, определяющих формирование профессиональных намерений личности и пути ее реализации.

Что должен уметь специалист будущего? Однозначно, быть кросс-функциональным – работать на стыке профессий, уметь работать удаленно, уметь собирать и распоряжаться большим объемом информации, уметь самообучаться, знать несколько языков, уметь творчески мыслить, доброжелательно добиваться поставленной цели, знать основы IT- технологий и т.д. [2].

Профориентация - это научно обоснованная система социально-экономических, психолого-педагогических, медико-биологических и производственно-технических мер по оказанию молодёжи личностно-ориентированной помощи в выявлении и развитии способностей и склонностей, профессиональных и познавательных интересов в выборе профессии, а также формирование потребности и готовности к труду в условиях рынка, многоукладности форм собственности и предпринимательства. Она реализуется через учебно-воспитательный процесс, внеурочную и внешкольную работу с учащимися. Цели оказания профориентационной поддержки учащимся в процессе выбора профиля обучения и сферы будущей профессиональной деятельности: выработка у школьников сознательного отношения к труду, профессиональное самоопределение в условиях свободы выбора сферы деятельности в соответствии со своими возможностями, способностями и с учетом требований рынка труда. Задачи: получение непротиворечивых данных о предпочтениях, склонностях и возможностях учащихся для разделения их по

профилям обучения, обеспечение широкого диапазона вариативности профильного обучения за счет комплексных и нетрадиционных форм и методов, применяемых на уроках элективных курсов и в воспитательной работе[3].

Профессиональная ориентация - это многоаспектная система, включающая в себя просвещение, воспитание, изучение психофизиологических особенностей, проведение психодиагностики. С учетом психологических и возрастных особенностей школьников можно выделить следующие этапы, содержание профориентационной работы в школе:

- 1-4 классы: формирование у младших школьников ценностного отношения к труду, понимание его роли в жизни человека и в обществе; развитие интереса к учебно-познавательной деятельности, основанной на активной практической включенности в различные ее виды, в том числе, социальную, трудовую, игровую, исследовательскую;

- 5-7 классы: развитие у школьников личностного смысла в приобретении познавательного опыта и интереса к профессиональной деятельности; представления о собственных интересах и возможностях (формирование образа "Я"); приобретение первоначального опыта в различных сферах социально-профессиональной практики: технике, искусстве, медицине, сельском хозяйстве, экономике и культуре. Этому способствует выполнение учащимися профессиональных проб, которые позволяют соотнести свои индивидуальные возможности с требованиями, предъявляемыми профессиональной деятельностью к человеку;

- 8-9 классы: уточнение образовательного запроса в ходе факультативных занятий и других курсов по выбору; групповое и индивидуальное консультирование с целью выявления и формирования адекватного принятия решения о выборе профиля обучения; формирование образовательного запроса, соответствующего интересам и способностям, ценностным ориентациям;

- 10-11 классы: обучение действиям по самоподготовке и саморазвитию, формирование профессиональных качеств в избранном виде труда, коррекция профессиональных планов, оценка готовности к избранной деятельности [4].

В качестве процессуальных критериев эффективности профориентационной работы выделяются следующие:

- индивидуальный характер любого профориентационного воздействия (учет индивидуальных особенностей школьника, характера семейных взаимоотношений, опыта трудовых действий, развития профессионально важных качеств);

- направленность профориентационных воздействий прежде всего на всестороннее развитие личности (предоставление свободы в выборе профессии, создание возможности для пробы сил в различных областях профессиональной деятельности, пробуждение активности в самостоятельном выборе сферы профессиональной деятельности и определении профессионального плана) [5].

Ошибки выбора профессии:

1. Увлечение только внешней стороной профессии без учета ее минусов.
2. Выбор профессии из соображения ее престижа.
3. Выбор только на основании высокой зарплаты.

4. Под влиянием окружения без учета собственных желаний.
5. Отождествление учебного предмета с профессией.
6. Перенос позитивного отношения к человеку, представителю этой профессии, на саму профессию.
7. Выбор профессии за компанию с друзьями.
8. Неумение разобраться в своих личных качествах.
9. Незнание или недооценка своих физических возможностей, существенных для выбора профессии [6].

В профессиональной деятельности мы используем диагностику профессиональных намерений, таких как:

- дифференциально-диагностический опросник Е.А. Климова (ДДО);
- методика Л.А. Йовайши;
- «Карта интересов» модификация О.Г. Филимоновой;
- «Карта интересов» А.Е. Голомштока;
- EduNavigator (профориентационные тесты, составленные по международным научным методикам, которые позволяют определить архетип ученика, подобрать профессии и выбрать ВУЗ для обучения на территории Казахстана) [7].

Профориентационный тренинг - это один из самых эффективных активных методов профессиональной работы со школьниками. Помимо того, что с его помощью учащийся может получить всю необходимую информацию по теме, он также позволяет на месте выявить проблемные стороны в процессе выбора, найти пути и решения, а также просто развить коммуникативные навыки.

Профориентационный тренинг представляет собой использование совокупности самых разных эффективных методов. Такой тренинг направлен на самопознание, на развитие профессиональных навыков и коммуникативных умений.

Приведем несколько примеров тренингов: «Моя профессия - мое будущее». Цель - активизация процесса самоопределения. Занятие включает вводную, основную и заключительную части; тренинг-игра "Как стать успешным?!", цель – повышение у учащихся 10–11-х классов уровня профессиональной зрелости, то есть способности сделать профессиональный выбор, используя при этом собственные ресурсы и имеющуюся информацию; тренинг «Планирование профессионального пути», цель: освоить навыки по планированию своего пути; тренинг «Роль жизненных ценностей при выборе профессии», цель: познание собственных ценностей, влияющих на выбор профессии, с целью их учета при планировании жизни.

Профориентационное упражнение «Ассоциации», цель упражнения: выявить истинное отношение школьников к разным профессиям и, по возможности, подкорректировать это отношение. Рассмотрим этапы упражнения:

1. выбираются 2-3 главных игрока (любые желающие);
2. зачитывается инструкция: «Сейчас 3 человека выйдут из комнаты, а оставшиеся загадают какую-либо профессию. После этого, главные игроки войдут в помещение и попробуют отгадать профессию с помощью

ассоциативных вопросов. Каждый из отгадывающих может задать по два вопроса какому-то конкретному игроку. Отвечающий должен дать ответ, соответствующий действительности, но не слишком наводящий»;

3. примеры ассоциативных вопросов, которые могут задать главные игроки:

- Какого цвета эта профессия?
- Какой запах напоминает?
- Какая мебель используется?
- Какие чувства преобладают в этой профессии?
- Какое у нее настроение?
- С чем или с кем приходится взаимодействовать представителю данной профессии?
- Что он держит в руках, выполняя эту работу?
- Какие качества необходимо иметь для того, чтобы успешно с ней справляться?

Главным игрокам дается время на размышление (около 1 минуты), после чего они должны назвать свои варианты.

Затем идет обсуждение и вынесение решения о правильности названных вариантов (они могут быть близки к истине и иметь неоднозначное решение в соответствии с полученными ответами).

Упражнение «Профессия на букву»

Цель упражнения – расширение знаний о мире профессионального труда или актуализация уже имеющихся знаний о профессиях.

Время проведения: 5 – 15 минут.

Упражнение проводится в круге и носит разминочный характер.

Общая инструкция: «Сейчас будет названа какая-то буква. Наша задача – показать, что мы знаем много профессий, начинающихся на эту букву, т.е. показать, насколько мы знаем мир профессий. Каждый по кругу будет называть по одной профессии на данную букву».

Ведущий называет первую букву, а участники по очереди называют профессии. Если называется незнакомая большинству участников профессия, ведущий просит пояснить, о чем идет речь. Если игрок не может это объяснить, то считается, что профессия не названа, и ход передается следующему по очереди игроку (по более жестким правилам, тот, кто не смог назвать профессию, выбывает из игры и выходит на время из круга). При этом совсем не обязательно требовать от участников официальных (безукоризненно правильных) названий профессий, поскольку на данный момент ни один справочник не является исчерпывающим. Учащимся важно хотя бы приблизительно обозначить ту или иную профессиональную деятельность и суметь ответить на уточняющие вопросы.

Ведущему желательно больше 5 – 7 букв не предлагать, иначе игра перестанет быть увлекательной для участников. При проведении данной игровой методики начинать следует с простых букв, по которым легко называть профессии (**м, н, о**), постепенно предлагая участникам более сложные буквы (**ч, ц, я**).

При работе с большой группой можно разбиться на 2-3 команды и выяснять, какая команда является более эрудированной. При этом ведущий должен

фиксировать успешность действий каждой команды на доске (например, удачный ответ отмечается плюсом, а неудачный – минусом), тогда игра станет более наглядной и интересной.

У ведущего в данном упражнении имеются возможности для ненавязчивой коррекции представлений учащихся о тех или иных профессиях

Угадай профессию

Цель данного упражнения - познакомить участников со схемой анализа профессий.

Упражнение проводится с классом или группой, а может быть использовано и в индивидуальной работе. По времени оно занимает около 30 минут. *Процедура включает следующие основные этапы:*

1. Ведущий просит назвать учащихся в классе профессию, которую все хорошо знают. Например, профессия - психолог.

2. Далее ведущий обращается к классу со следующим заданием: «Представьте, что я "свалился с луны" и ничего не знаю о земных профессиях, хотя по-русски все понимаю.., попробуйте объяснить мне, что это за профессия такая (например - психолог, т.е. то, что ранее называли учащиеся)». Обычно участники игры называют 8-12 характеристик профессии, которые являются далеко не исчерпывающими и сами признаются, что вроде бы и знают, о чем рассказывать, но забыли. Иногда учащиеся просят, чтобы им давали наводящие вопросы. Смысл данного этапа — сформировать желание у учащихся познакомиться со схемой, которая позволила бы им, не путаясь, рассказать о любой профессии [8].

Самые востребованные специальности. Последнее изменение: 06.10.2021год. На сегодняшний день, знать наименование актуальных специальностей на ближайшее время очень важно. Следовательно, международному развитию, ситуация на трудовом рынке меняется стремительно. Поэтому необходимо учитывать особенности современного экономического рынка.

Согласно Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы, общей целью образовательных реформ в Казахстане является адаптация системы образования к новой социально-экономической среде. Инвестиции в человеческий капитал крайне необходимы для создания технически прогрессивной, производительной рабочей силы, которая может адаптироваться в быстро изменяющемся мире. Успешными экономика будущего будут те, которые инвестируют в образование, навыки и способности населения. Образование необходимо понимать как экономические инвестиции, а не просто как затраты на социальные нужды [9].

Ссылки на видеоролики, которые можно использовать психологом в своей работе по данному направлению.

<https://youtu.be/1-GifAgFLPc>

<https://youtu.be/Bgh0QPWaulo>

<https://youtu.be/TBH3qwEOZeQ>

<https://youtu.be/2GHal8J8J8>

<https://www.youtube.com/watch?v=1-GifAgFLPc>
<https://www.youtube.com/watch?v=vLA2l0F-EJktp>
<https://vimeo.com/303015503/e74cd7d603>

В заключение следует сказать, что профориентационная работа в школе должна быть непрерывным процессом. Она также должна учитывать как развития и изменения на рынке труда, так и появление новых технологий и методов. И не важно, куда будет поступать ученик в будущем – в медицинский, гуманитарный или технический ВУЗ или же вовсе другое учебное заведение – главное, чтобы этот выбор был осознанным и правильным.

Список литературы

1. <https://trends./trends/education/5d8ba02a9a7947fec16449a4>
2. <https://bilim.kz/professional/>
3. [https:// php.ru/proforentatsionnaya-rabota/](https://php.ru/proforentatsionnaya-rabota/)
4. <https://bts-education.kz/>
5. <https://ukonf.com/doc/cn.2015.02.02.pdf>
6. <https://findhow.org/1006-polnyiy-spisok-spetsialnostey-po-predmetam-ent-hta.html>
7. <https://strategy2050.kz/ru/news/proforientatsiya-dlya-molodezhi-istorii-uspekha-novye-proekty-i-atlas-professiy/>
8. <https://infourok.ru/zanyatie-s-elementami-treninga-proforientaciya-starsheklassnikov-1972757.html>
9. <https://egov.kz/cms/ru/articles/02207joblist>

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУ

Б.Ш. Байжуманова
психология ғылымдарының кандидаты,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ

Әлемдегі ақпараттық кеңістіктің ұлғаюы мен жылдамдығы адамның жалпы дамуынан алда келеді. Соған сәйкес қоғамдағы қарқынды өзгерістер білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр.

Білім беру ортасында ХХІ ғасырдың жаңа дағдылары қарастырылу маңызды болып табылады. Оған ең алдымен базалық, құзіреттілік, жеке тұлғалық қасиеттер жатады.

Оқушылардың базалық дағдылары олардың күнделікті кездесетін міндеттерді шешуде өздерін қалай көрсететіндігімен айқындалады:

- Оқу және жазу дағдысы;
- Математикалық сауаттылық;
- Жаратылыстану ғылымынан сауаттылық
- АКТ – сауаттылық
- Қаржылық сауаттылық
- Мәдени және азаматтық сауаттылық

Оқушылардың құзіреттілік дағдылары олардың өмірде кездесетін қиын, күрделі міндеттерді шешуде өздерін қалай көрсететіндігімен анықталады:

- Сыни ойлау/міндеттерді шешу
- Шығармашылық
- Тіл табыса білу
- Ұжымда жұмыс жасай алу

Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттер дағдысы олардың қоршаған ортаның өзгерісіне енгенде өздерін қалай ұстайтындығымен айқындалады:

- Білімге құмарлық
- Белсенділік
- Табандылық
- Ортаға тез бейімделу
- Көшбасшылық
- Әлеуметтік және мәдени сауаттылық

Ойлауды дамыту – қай заманда да маңызды болмақ... Эдвард де Боно айтып кеткендей: «Адамның іс-әрекетінің қандайы болса да оның ойлауы арқылы жүзеге асады». «Адамның ойлауы сапалы болса ғана табысқа жете алады». Олай болса, балалардың ойлауын дамыту – басты міндет болып табылады. Ал қоғамның жаңа талаптарын жүзеге асыруда, ақпараттық кеңістік заманында, қоғамның қарқынды өзгерістеріне ілесуде шығармашылық ойлауды дамыту өзекті мәселе болып табылады.

Олай болса, ойлауды қалай дамытуға болады? Ойлау дегеніміз не? Ойлаудың қандай белгілері бар? Шығармашылық ойлаудың психологиялық табиғаты неде? Деген сұрақтар туындады.

Әрине білімді болу оңай, ал ақылды болу ше? Білімді қазіргі кездегі түрлі ақпарат көздері арқылы оңай алуға болатын мүмкіндіктер жетерлік. Ақылды болу – шығармашылық ойлаудың негізі ретінде тұлғалық қасиетпен сипатталынатын даралық көрініс. Ойлау белгісі ең алдымен төмендегі жағдайларда көріне отырып, ойлау процесін айқындайды. Сонымен, ойлау дегеніміз:

- Күрделі мәселелерді шешу процесі;
- Жаңа өнім шығару процесі;
- Мүмкін болмайтын заттар мен құбылыстардың арасындағы мәнді байланыстарды ашу;
- Ішкі, танымдық құпия мәнін ашу және оны жемісті ету;
- Шындықты қайта өңдеу процесі;
- Сыртқы ортаға, табиғатқа бейімделушілік, және оны қайта құру процесі;
- Творчестволық бейнелеу процесі;
- Мақсат құрушылық. Болашақтық бейне құру процесі;
- Рефлексия.

Әрине бұл процесс – күрделі процесс. Қандайда болмасын бір нәрсеге қабілеті болмайтын адам болмайды. Осы орайда, ойлау, шығармашылық ойлау туралы көптеген ғалымдардың зерттеулерін келтіруге болады: Б.М. Теплов, Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, Н. Лейтес, Л.И. Кузьмина, Б.М. Теплов және т.б.

«Шығармашылықты, ойлауды, қабілетті дамытпау, көрсете білмеу, біртіндеп айырылу» деген пікірді тұжырымдайды.

В.Д. Небылицин: баланың жеке даралық өзгешеліктеріне назар аудару керек дейді.

Әдебиеттерге сүйенетін болсақ, өзіндік қабілеттілігімен, шығармашылығымен, ой-ұшқырлығымен, жүріс-тұрысымен, жасампаздық іс-әрекетімен ерекшеленетін бала – бұл дарынды бала.

Дарынды балалардың қабілеттілігіне орай бірнеше түрлерін көрсетуге болады:

- интеллектуалдылық,
- академиялық жетістік,
- шығармашылық ойлау,
- ортамен байланыс және өз ортасына жетекшілік жасай білуі,
- көркемөнерге қабілеттілігі,
- қимыл-қозғалысқа бейімділігі.

Ендігі кезекте дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктеріне тоқтап кететін болсақ, төмендегідей ерекше қасиеттерін атап кетуге болады:

1. Дарындылардың өзгеше ойлау ерекшеліктері:

- көп көлемде білім меңгеру және оларды ұмытпау;
- жоғары деңгейде түсіну қабілеті;
- әдеттен тыс түрлі тақырыптарда қызығушылық таныту, көп сауал қою;
- дауыс ырғағы, сөздік қоры және сөйлеу шеберлігіндегі артықшылық;
- өзіндік пікірлер және шешімдер қабылдау;
- қырсықтық, батылдық, айнамастық, және кей кезде қиылды іс-әрекет;

- тез жалығу, шұғылданатын бір істі іздеу, яғни бос тұра алмау.

2. Дарынды оқушылардың ішкі сезімі жағынан өзгешеліктері:

- айналасындағыларға өте сезімталдықпен қарау айтылатын ойды тез ұғыну;

- оғаш әзілдеу (бұл кей тұстарда басқаларды ренжітіп немесе мазасын алуы мүмкін);

- өзінің ерекше екендігін өзі сезінумен қатар басқаларға да сездіруге тырысу;

- жасынан байқалатын идеализм;

- беймәлім құпия тақырыптарға үлкен қызығушылық таныту;

- басқалардың пікірлеріне көп көңіл бөлмеу.

3. Дарынды оқушылардың тәндік және ерекше сезімдер тұрғысынан өзгешеліктері:

- сезім мүшелерінің қабылдауы ерекше болуы (түс, дыбыс);

- тәндік және интеллектуалдық дамуда ерекше бір ілгерілеу шапшаңдығы;

- көркем өнер салаларының біріне ерекше қабілетті болуы (арнайы білім алмаса да);

- философиялық іс-қимыл, басқаша ойлау;

- ақындарша сөйлеу, көркем және тартысты талап ететін тақырыптарды қозғау;

- жиі-жиі ойға берілу, қиял күшінің басымдылығы.

4. Дарынды балалардың әлеуметтік тұрғыдан ерекшеліктері:

- өз талап-тілектерін орындау, адамгершілік мәселесінде ерте даму;

- әлеуметтік мәселелерде тиімді және нақты шешімдер ұсыну;

- басшылық топ құру, әріптестерді топтау және ұйымдастыру;

- әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіне білу, қоғамның әділет, әсемдік, турашылдық сияқты жоғары талаптармен шұғылдану;

- өзінен үлкендермен достықты қалау.

Дарынды балалардың жас ерекшелігіне байланысты ерте жаста көрінетін дарындылық және кеш қалыптасқан дарындылық туралы айтуға болады. Ерте дарындылыққа «вундеркиндтерді» жатқызуға болады. Вундеркинд – бұл белгілі бір әрекет түрінде (музыка, сурет салу, ән салу, т.б.) керемет жетістігі бар мектепке дейінгі немесе кіші мектеп жасындағы бала. Кеш қалыптасқан дарындылық ғылым жетістігінде мәнді нәтижелерге жету, әдетте кешқұрым өтеді, ол қандай да жаңалық үшін терең және ауқымды біліммен қамтамасыз етілу керектімен байланысты.

Ал енді шығармашылық туралы тоқталар болсақ, шығармашылықтың психологиялық табиғатын зерттеуде даулы сұрақтар, нақты жауапты қажет ететін мәселелер бар. Немесе психологтер арасында әлі күнге дейін осы сұрақтарға жауап беруде көп күш, көп уақыт жұмсайды.

Дарынды балалардың шығармашылық ойлауының даму механизмдері, біріншіден, семантикалық иілгіштік қасиетінен көрінеді, яғни, кез-келген объектіні басқа қырынан көреді, оның басқаша қолдануын көреді, практикалық функция сферасын кеңейтеді. Екіншіден, айрықшалық, әдеттегідей еместік, ерекше айтылатын идеяларына көрінеді. Интеллектуалды жаңашылдыққа

тырысуда көрінеді. Үшіншіден, бейнені қайта бейімдей алушылық қасиетінен көрінеді, яғни, қабылданған объектіні өзгертуге қабілеттілік, оның жаңа жақтарын, жасырын жақтарын, байқайды. Төртіншіден, белгісіз, ойламаған, анықталмаған жағдайларда әртүрлі образдық өнім жасауға қабілеттілігінен көрінеді. Сондай-ақ, оларға балаша пәк ойлау. шынайылық тән.

Г.Линдсей, К.Халл и Р.Томпсон сынды ғалымдар шығармашылықтың туындауына кедергі келтіретін бірқатар фактілерді келтіреді. Конформизмге үйреніп қалу, басқа адамдарға ұқсас болу жаңашылдылықты тежейді. Елден ерекше болып көрінуге қорқыныш: ақымақ болып көрінуге, күлкіге қалуға қорқыныш – шығармашылыққа кедергі жасайды. Экстравагантты көрінуден бас тарту – креативтілікке жетелемейді. Оған қоса, балалардың болмашы ғана жіберген қателігін баса айту, кейінгі жаңашылдыққа кедергі жасайды. Әрқашан күрделі тапсырма бере бергеннен соң, оңай тапсырма берсек, сол оңай тапсырманы орындауға қиналады.

Кейде мұғалімнің дарынды балаларға деген қатынасы да, айталық оларға шектен тыс таңдануы, шектен тыс сын айтуы, сенімсіздік танытуы, көпшіліктің алдына қойып, мектеп пен ата-ананың қуанышы мен мақтанышы ету – баланың шығармашылық ойлауын тежеуі мүмкін, олардың шығармашылдылығына кедергі жасауы мүмкін.

Сондықтан дарынды балалармен жұмыс істеу ерекше тәсілдерді қажет етеді:

Дарынды балалар мұғалімнің дұрыс ұйымдастырған басшылығын, зейін қоюын, жылы шырайлығын қажет етеді.

Дарынды балалармен педагогикалық қатынас құруда 2 жағдайды ескерген жөн: біріншіден, мұғалімнің балаға көңіл аудармауы, бала қабілетін басқа дамумен байланыстыра алмауы оның қабілетінің дамуына кері әсер етуі мүмкін; екіншіден, бала қабілетінің дамуына шектен тыс көңіл бөлу.

Баланың жүйке жүйесі тұрақсыз, бас миы қызметінің мүмкіндіктері шектеулі. Шектен тыс қысым, көп тапсырма баланың денсаулығына әсер етіп, оның әрі қарай дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Мұғалімнің шектен тыс талапшылдығы, балаға барлық тапсырманы жаттатуы, баланың оқуға деген талабын, танымдық қабілетін бұзуы мүмкін. Бала бойындағы бар қабілетті жоғалтып алмас үшін мұғалім үнемі оның интеллектуалды дамуына әсер етіп отыру керек.

Дарынды балалардың шығармашылық ойлауын дамытуды ең бастысы:

Эмоциялық ауыртпалықты болдырмау;

Ақыл-ойды күштемеу;

Жұмысқа қабілеттілік мотивациясын жоғалтып алмау;

Баланың шығармашылық іс – әрекетіне жағдай тудыру

Баланы ойлай білуге үйрету

Балаларда шығармашылық ойлауды дамытуға бағытталған іс-шараларға мысалдар келтіретін болсақ,

Шығармашылық сипаттағы тапсырмалар;

Зентангл технологиясы;

Проективті технологиялар («Аяқталмаған сөйлем», суретті аяқтау, драмалық қойылым ұйымдастыру, ертегі, әңгіме құрастыру және т.б)

Синквейн технологиясы;

Диагностикалық технологиялар (Равен (А формасындағы) әістемесі, Д.Векслер әдістемесі, П.Торренс әдістемесі тапсырмалары);

Арттерапиялық технологиялар (Мандала, қолөнер жұмыстары және т.б);

Мультимедиялық технологиялар;

Ойын технологиялары және т.б

Қорытындылай келе, дарынды балаларға әрдайым психологиялық сүйемелдеу; қызығушылығымен санаса отырып, үздіксіздік; жүйелі және қолжетімді; түрлі варианттылықта тапсырмалар, сәттіліктер ситуациясы арқылы психологиялық жайлылықты сезіну қағидаларын ұстану қажет!

Шығармашылық ойлау мәселесінің теориялық аспектілері – ғылыми зерттеудің негізін құрайды. Сондықтан, дарынды балалардың шығармашылық ойлауының дамуын түсіндіретін бірқатар теорияларға тоқталу қажет болады.

Ерте заманнан бері ғалымдар мен философтар «Шығармашылық ойлаудың болуының себептері» туралы сұрақты қарастырып келген.

Бұл проблемамен тіпті антикалық философтардың өзі айналысқан (Гераклит, Демокрит, Платон), олар сол кезең үшін прогрессивті сегіз идея құрастырған. Мысалы, Платонның идеясы біршама қызық болып табылады. Оның идеясы Фрейдтің эрос туралы іліміне негізінен ұқсас болып келеді [1]. Платонның ойы бойынша жаратушы шығармашылық осы әлемнің өмір сүру себебі болып табылады. Осыған байланысты адамның шығармашылығы да ұлы, жаратушы ақылдың бір ғана адамның қол жеткізген бөлігі болып табылады. Осы ұлы талапқа құштарлықтың өзі «Эрос» болып табылады, ол дененің эротикалық құштарлығы ретінде, туылуға деген құштарлық ретінде, жанның эротикалық көркемдік бейнелеу құштарлығы ретінде және жанның ғажайыпты тазадай түсіну құштарлығы ретінде көрініс береді.

Шығармашылық ойлауды психологиядағы зерттеуге Аристотельдің идеялары әсер етті және ассоциативті психологияның негізін қалады [1]. Ассоциативтік бағыт XVII-XVIII-ғасырларда кеңінен таралды. Ол барлық ақыл-ой (когнитивтік) процесстердің бәрін екі негізгі құрылымдар терминімен түсіндіреді:

- идеялар (немесе элементтер) және
- арасындағы ассоциациялар (немесе байланыстар).

Айырмашылығы ретінде ассоциацияның психиканың негізгі құрылымдық бірлік ретінде мойындалуы болды, ассоциация тек түсіндіруші принцип ретінде ғана қолданылды. Рационалдылық сезімталдылыққа айналды, субъектінің, оның іс-әрекетінің, бағыттылығының, белсенділігінің анализі жоққа шығарылды [2].

Ассоциативті психология саналы ойлаудың, әсіресе шығармашылық ойлаудың заңдылықтарын түсіндіре алмады. Әдетті эмпирикалық ассоциативті психологияның бастапқы принциптері оған күрделі психикалық құбылыстарды, әсіресе интуицияны терең зерттеуге мүмкіндік

бермеді. Ол тек қана ассоциативті заңдарға бағынатын «саналы ойлауды» (индукция, дедукция, салыстыра алу қабілеті) ғана мойындады.

Сөйтсе де, ассоциативті бағыт психологтарының шығармашылық ойлау психологиясының зерттеуіне қосқан үлестерін айтып кеткен жөн. Олардың ассоциациялар заңдылығын шығаруы XIX-ғасырдағы психология ғылымының өте үлкен жетістігі болды. Олар мысалы, бұрынғы тәжірибенің неге проблеманы шешудегі шығармашылық бағытты көбінесе тоқтатып тастайтынын түсінуге және әлі энциклопедиялық білімі жоқ жас ғалымдардың шығармашылық істерінің неліктен жемісті бола алатынын түсінуге көмек береді. Осы заңдардың негізінде мысалы, қазіргі кезде эвристикада шығармашылық ойлауды белсенділететін әдіс ретінде ерікті гирлянда және ассоциациялар әдістері құрастырылды [3].

«Ойлау психологиясы» алғаш рет Вюрцбург мектебіне жататын психологтармен ерекше бөлінеді. Бұл мектеп өкілдері (О. Кюльпе, К. Марбе, Н. Ах) ассоцианисттерге қарама-қарсы, ойлауды тапсырмаларды шешудегі ішкі іс-әрекет ретінде қарастырды. Дәл осы Вюрцбург мектебінде ойлауды зерттеу үшін алғаш рет эксперименталды интроспекция әдісі қолданылды. Осы зерттеулер «бейнесіз ойлау» атты феноменнің ашылуына әкелді және де әр ассоциация оның алдындағы ассоциация арқылы шығарылмай, детерминенттелетін тенденция деген құбылысқа бағытталатынын көрсетті. Вюрцбург мектебі ойлауды өз бетімен атқарылатын іс-әрекет ретінде алып, оны практикалық іс-әрекетке, ойлауға, тіл мен сезімтал образдарға қарама қайшы етіп қойды, оны олардан бөліп тастады. Сонымен қатар бірқатар мәселелер пайда болып, кейіннен олар ойлау психологиясында негізгі болып тұрақталды: ішкі және сыртқы іс-әрекеттің, ойлау мен тілдің, ойлау мен ішкі образдардың бір-бірімен теңесуі, ойлаудың детерминациясы және оның таңдаулылығы, тапсырмалар және оларды шешу жолдары [2]. Вюрцбург мектебі ойлауды қиын жағдайды шешу процессі ретінде түсіндіруі кейінгі түгел эксперименталды ойлау тарихына із қалдырды, бұл тарих қиын жағдайлар әдісінің әртүрлі нұсқаларының психологиялық зерттеулерде қолданылуының тарихы ретінде қарастырылды.

О.Зельц те Вюрцбург мектебіне жақын болған: ол ойлауды интеллектуалды операциялардың қызметі ретінде түсінген. О.Зельц өзінің тапсырманы шешуге деген көз-қарасын дамыта отырып, ол негізгі деп бірінші фазаны, яғни «жалпы тапсырма» қалыптасуын алады және де бұл фаза бастапқы материалды өңдеу нәтижесінде қалыптасады деген. Ол оның негізгі құрамы ретінде элементтер арасындағы «заттық көз-қарастардың» ерекшеленуін алған [4]. О.Зельц осындай ерекшеленудің нәтижесі ретінде мәселелер комплексінің қалыптасуын алған және оның ішінде:

- белгілінің мінездемесі ерекшеленген,
- белгісіздің орны бөлінген,
- табылған мен ізделгеннің арасындағы қатынас ерекшеленген.

Оның көз-қарасы бойынша осы мәселенің қиындылығын осы комплекстің аяқталмай қалуында. О.Зельц «антиципация» деген ұғымды

енгізді және антиципацияға тек қана ізделуші ғана жататынын ерекше айтып кетті, яғни белгісіздік белгіліге қатынасты жанама түсінікке ие болады. Кейіннен ізделушінің антиципациясына айналатын белгілі мен белгісіздің арасындағы қатынасты табу дегеніміз жалпы тапсырманың қалыптасу процессі болып табылады. Осылайша О.Зельц ойлау процессін ассоциациянисттік бағыттың өкілдері сияқты ассоциациялар шынжыры емес, жетіспеушіліктерді толтыру немесе осы комплекстегі жетіспейтін бөліктерді қайта жаңғырту процессі деп санаған.

Шығармашылық ойлаудағы психоаналитикалық бағытты қарастырып кетпеуге болмайды. Осы бағыт бойынша алғаш рет ойлау белсенділігінің негізінде жатқан факторды ерекше бөліп шығаруға тырысу болды.

Психоанализдің негізін салушысы және адамның энергетикасы теориясының өкілі З.Фрейдтің ойы бойынша - шығармашылық іс-әрекет тура көрініс бере алатын жол таба алмаған сексуалды және агрессивті энергияның жанама түрде көрініс беру нәтижесі [5].

Ал А. Адлер болса негізгі түйінді сексуалды ортадан әлеуметтік ортаға аустырады да, шығармашылықты өз-өзіндегі жетіспеушілік сезімі комплексін толықтырудың спецификалық тәсілі ретінде түсіндіреді [5].

К. Юнг шығармашылыққа деген құштарлықты либидоның негізгі бөлігінің бір бөлігі деп қарастырған. Ал шығармашылық феноменінің өзінде ол индивидуалдылық тәжірибесі және шығармашы қабылдауы призмасы арқылы өткізілген коллективті терең саналық архетипін көрген.

Алғаш рет психоанализ мотивтер мен терең саналы ойлау мәселелерінің өте өзекті екеніне ерекше көңіл бөлген [6].

Ойлаудың жаңа аспектісі гештальт-психологияның өкілдері - М.Вертхаймер, К.Дункер, В.Келер және басқалармен бөлініп шығарылған. Осы мектепте көбінесе қабылдаудың эксперименталды зерттеулері жүргізілген, кейіннен кейбір ой-тұжырымдар ойлаудың зерттелуінде қолданылған. Бұл мектептің ең негізгі түйіні біртекті жалпы образдың - гештальттың синтезсіз, сол жалпы күйінде пайда болады деген тұжырым болатын. Гештальттың өзі негізінен қызмет етуші белгілі бір құрылым ретінде түсіндірілген, яғни қызмет ету арқылы көрінетін, ал ойлау – кейіннен қажетті гештальт ситуациясы табылғанша дейін жүретін қайта құрылу әрекеті ретінде түсіндірілген, басқа сөзбен айтқанда «инсайт», немесе «озарение» [2].

Гуманист-психологтардың (Г.Олпорт, А.Маслоу) айтуы бойынша шығармашылықтың ең негізгі түрткісі - тұлғалық өсу мотиві. Маслоу бойынша бұл өзі-өзін жетілдіру және өзінің өмірлік мүмкіндіктерін, қабілеттерін толықтай және еркін түрде жүзеге асыру қажеттілігі [7].

Шығармашылық ойлау сонымен қатар психометриялық бағытпен де зерттелді. Бұл жерде біз Дж. Гилфордтың және Э.П. Торренстің креативтілік концепциясын айтып кеткеніміз жөн. Олар креативтілікті таным-шығармашылық, әмбебап қабілет деп қарастырған. Гилфорд ойлаудың екі типін бөліп шығарған: конвергентті және дивергентті. Гилфорд бұл концепция бойынша дивергенция операциясын басқа да

импликация және қайта жаңғырту операцияларымен бірге креативтіліктің, яғни жалпы шығармашылық қабілеттің негізі деп санаған [7].

Креативтіліктің деңгейін және креативтіліктің көрініс беру деңгейінің әсер етуші факторларға тәуелді болуын зерттеумен Р.Стернберг шұғылданған [8]. Оның концепциясы бойынша сыртқы әлемдегі интеллекті мінез-құлық бейімделу арқылы, сыртқы орта типін таңдауда немесе өзгертуінде көрініс бере алады. Егер адам қарым-қатынастың үшінші типін жүзеге асырса, онда ол шығармашылық мінез-құлық көрсетеді.

Бұрын тек адам интеллекті ғана шеше алған тапсырмаларды шеше алатын ЭЕМ-нің XX-ғасырдың ортасында ойлап табылуы ойлау психологиясының әрі қарай дамуына үлкен әсерін тигізді. Алғаш рет «жасанды интеллект» идеясы жарыққа шығып, А.Ньюэллдің, Г.Саймонның, М.Минскийдің және Дж.Маккартидің зерттеулерінде көрініс тапты. Осылайша, ақпараттық технологияларының пайда болуымен байланысты шығармашылық ойлауды зерттеу жаңа бағытта дами бастады: былайша айтқанда ақпараттық немесе когнитивтік бағыт пайда болды.

Когнитивті психология – компьютерлік метафорамен біріккен необихевиоризм мен гештальт-психологияның жапсарында пайда болды. Когнитивті психологияның негізін салушылардың бірі Линдсей бұл позицияны былай түсіндіреді: «Біз адам ағзасын әр қашан қарым қатынасқа, сенсорлық мәліметтерден түскен ақпаратты өңдеуге, қайта жаңғыртуға, әр түрлі алгоритм, стратегиялардың көмегімен есте сақтауға талпынатын, белсенді ақпарат өңдеуші ретінде қарастырамыз» [3]. Осылайша когнитивті психологияның алғашқы мақсаты ретінде сигналды қабылдау мен жауап беру аралығында болатын ақпараттың өңделу процессін зерттеу болып бекітілді. Мамандар адамның ақпаратты өңдеуін зерттеуді есептеуші құрылғылармен салыстыру негізінде жүргізді. Бұл бағыттағы зерттеулер У.Найссердің атымен тығыз байланысты. 1967-жылы оның «Cognitive Psychology» атты кітабы жарыққа шықты және сол кітап кәдімгі бағдарлама ретінде негізделді. Кейінгі кездерде бұндай аналогиялардың шектеулі екені көп айтылады. Сөйтсе де, осындай бағыт әдістерінің психологтардың ескі мәселелерді басқа жағынан қарастыруларына мүмкіндік бергенін мойындамауға болмайды.

Бұл бағыт қазір де өзінің дамуын тоқтатқан жоқ. Когнитивті бағыт бойынша жүргізілген зерттеулер белгілі бір тақырып арқылы бір-бірімен біріктірілген, бұл тақырыпты жалпы айтқанда индивидтің ойлау әрекетінің әр түрлі аспектілерінің анализі деп, эксперименталдық мәліметтердің кеңінен қолданылуымен және де әдістердің ойлау белсенділігінің анализі үшін қаншалықты керек екенін түсінудегі мәліметтердің тым жалпы болуымен түсіндіруге болады [9].

Шығармашылық ойлауды зерттеушілердің ішіндегі ең көп зерттегендерге жататын - Я.А. Пономарев. Пономарев өзінің жұмыстарында адам ойлау мен машина «ойлауының» айырмашылықтарын ерекше айтып кеткен: «машина тек қана жүйелі белгілік модельдермен ғана

жұмыс істей алады, ал жаңадан құрылған – базальды модельденме жұмыс жасауға қабілетсіз». Оның концепциясы бойынша шығармашылық тапсырмаларды шешу үшін ең алдымен «ойша әрекет жасай алу қабілеті» керек. Жануарларда болмайтын, әрекеттің ішкі жоспарының дамуының жоғары деңгейімен анықталатын ойша әрекет жасай алу қабілеті. Шығармашылық ойлаудың ментальды бірлігі ретінде Понамарев тапсырманы қоюда және шешудегі үстемдік ететін деңгейлердің әртүрлілігін қарастыруды ұсынады [9].

Тағы бір мойындау алған зерттеуші Д.Б. Богоявленская шығармашылық ойлауды зерттеу мәселесін жүйелік бағыт жағынан қарастырады да, шығармашылықты зерттеу бірлігі ретінде интеллектуалды белсенділікті алуды ұсынады. Интеллектуалды белсенділікті шығармашылықты зерттеудің психологиялық аспектісі ретінде ұсына отырып, былай деп тұжырымдайды: «Интеллектуалды белсенділік өлшемі ретінде, практикалық қажеттіліктермен негізделмеген ойлау әрекетінің жалғасы ретінде түсінілетін оның өзекті қасиеті ретінде интеллектуалдық инициатива қызмет ете алады» [10].

Креативтілік пен интеллект өзара байланысы туралы мәселе, креативтіліктің өз алдына фактор ретінде бөліне бастаған кезден бастап қойыла бастады.

«Интеллект табалдырық» моделінің көмепмен ситуациялық ойындар, шығармашылық тапсырмалар арқылы креативтіліктің нәтижесін түсіндіруге болады.

Бұл ғалымдардың еңбектерін талдай келе, В.Н. Дружинин [11], - творчестволық белсенділік творчестволық мотивациядан туындайды, жалпы жоғарғы деңгейдегі интеллект қызмет ететін өмірдегі іс-әрекеттің ерекше жағдайларында көрінеді.

Е.Л. Яковлева, Н.А. Аминова пікірлері бойынша [12] интеллект құрылымындағы үйренудің вербалды емес формалары және перцептивті жеке даралық қасиеттердің конвергенциясы көрінсе, онда, креативтің меңгерілуі едәуір анық көріне бастағанын байқауға болады.

Және керісінше, вербалды когнитивті процестер конвергенциясы мен вербалды үйрену байқалса, онда таным қабілеттері немесе оқуға деген қабілет күшті байқалады.

Бірақатар айтылатын ойларға тоқталар болсақ, бастауыш мектеп оқушыларының еліктеушілік әрекеттері өз алдына ойын ретінде жүзеге асады.

Айналасымен табиғи, кіршіксіз қатынас жасауы - үлкендер өміріне араласудан қорықпастан, қиыншылықтарды байқамастан-ақ, керісінше, көңілді күй кешеді.

Олардың ақыл-ой белсенділігінің бағыты негізінен еліктеушіліктен айқын көрінеді. Мұндай жастағы ерекшелік - балалық шақтың табиғи белгісі, ойлаудың формалы жақтарын жаттығуға арналады. Бастауыш мектеп шақ жылдары - әдеттен тыс нәрселерге жеңіл үйренушілігімен, қиялының белсенділігімен сипатталады.

Бастауыш мектеп шақ еріксіз немесе өмірлік қажеттілік жиі творчестволық

үлгілерді жасап көруден тұрады. Шындығында да, қабылданатын объектінің ойынның, сабақтың, жаңашылдығы балалардан интуиция және шығармашылықты талап етеді.

А.М. Матюшкин мұғалім-экспериментаторлар конференциясындағы баяндамасында: « ... бастауыш мектеп кезеңі - интеллектуалды дамудың әртүрлі бағыттарын дифференциациялауға едәуір сензитивті», - деп көрсетеді [13].

Жоғарғы деңгейдегі ақыл-ой белсенділігі ойдың тәсілдерінің тез пайда болуынан, әдеттен тыс пікірлерден күтпеген салыстырулар мен жалпылаулар ойлаудың жемісін тудырады.

Бұл айрықшалықты, ақыл-ой жұмысының жаңашылдығын түсіндіреді. Мұндай көріністерді творчестволық қабілет деп атауға болады. Творчестволықта құрастырылудың мәніне емес, балалардың өзіндік инициативасына, ізденісіне көңіл бөлу қажет.

Н.С. Лейтес еңбегінде бастауыш мектеп кезеңіндегі балалардың жас ерекшеліктерімен байланысты жалпы ақыл-ой ерекшеліктерінің даму мәселелерін қарастырады.

Н. Лейтес еңбегінде [14] творчестволық жетістікке индивидтің интеллектісінің потенциалы болып табылады. индивидтің бұл потенциалды жүзеге асыруы, қолданылуы оның мотивациясына байланысты, олай болса интеллектуалды потенциалын тиімді пайдалану үшін мотивациясына әсер ете білуіміз керек.

Баланың творчестволық тапсырмаларды орындауы - сол тапсырмаға деген қызығушылықтары мен тапсырмаларды орындауға деген ықыласы мен белсенділігі - оның мотивациясын тудырады. Сондықтан бастауыш мектеп жасындағы балаларда ішкі мотивацияны қалыптастыра отырып, творчестволық қабілетті дамыту керек.

Бастауыш мектеп кезеңінде творчестволық әрекетке мотивацияның тұрақты болуы - олардың интеллектісінің дамуына тәуелді болады. Біздің зерттеулеріміздегі жорамал да интеллектуалдың жеткілікті дамуында творчестволық іс-әрекетке деген орнықты мотивация дамитындығын түсіндіреді.

Творчестволық қабілетті анықтауға арналған арнайы тестер де қолданылады. Барлық комплексті тестер бойынша ең жоғары баға алған балалар және олар жайбарақаттылық көрсетпеген жағдайда (флегматикалық темперамент) творчестволық қабілетіне үлкен көңіл бөлінетін жедел оқыту сыныбына қабылданады.

Бала бойындағы қабілетті дамыту үшін, оның интеллектісін дамытуға және жасампаздығын көрсетуіне арналған бірнеше әдіс-тәсілдер, ойындар, әңгіме құрастыру, ертегі құрастыру, суреттер салу жұмыстарын жүргізіп отыру қажет.

Әр мұғалім өз пәніндегі оқу тақырыптарына сәйкес драмалық, театрлық көріністер құрып отыру арқылы, өз пәндері бойынша білімдері мен қабілеттерін тексеру үшін тесттік диагностикалық жұмыстар жүргізу арқылы, психологиялық ойындар ұйымдастыру арқылы бала қабілетін жоғары деңгейде жетілдіруге болады.

Психодиагностикалық жұмыс жүргізу мақсатында төмендегідей міндеттер

орындалады.

1 Баланың жалпы психикалық дамуын анықтау.

2 Баланың жеке басының ерекшеліктерін анықтау, оның қызығулары мен қабілетін және бейімділігін зерттеу.

3 Қарым-қатынастың бұзылуының психологиялық себептерін анықтау, баланың ересектермен, құрбылармен қарым-қатынастарын диагностикалау.

4 Психикалық дамудағы әртүрлі ауытқуға байланысты осы саладағы басқа мамандармен бірлесе отырып, дифференциалды диагностика жүргізу.

Оқушылардың ақыл-ойын диагностикалаумен шектеліп қана қоймай, оның сол ортаға бейімділігін, қарым-қатынас құра алу ерекшелігін ескеріп отыру қажет.

Творчестволық қабілетті балалардың қызығушылығы жоғары болады, шаршамайтын, қиын тапсырмаларды шешуден, жаңа нәрсені құрып-шығарудан ерекше қанағат алады.

Қабілетті анықтау кезінде баланы сырттай бақылау: сабақ үстінде және қарым-қатынас кезінде байқауға болады. Жалпы айтқанда, баланың жеке даралық психологиялық ерекшеліктерін біліп алмайынша оларды дамытып оқыту мүмкін емес.

Қабілетті балалардың көрінуі мен оларға сипаттама берейік: қабілеттілер мен дарындылықты анықтау жеке айырмашылықтар мен жеке ерекшеліктерді анықтауға бағытталған психометрия саласындағы әдістерді өңдеуден басталады.

Сонымен қатар баланың қабілетінің негізі болып табылатын оның интеллектуалды даму көрсеткішін зерттеу - оның қабілетін де анықтайды. Әрбір индивид белгілі бір қабілетті, психологиялық ерекшеліктерді, жеке сапаларды меңгерген деп айтуға болады.

Психологияның мақсаты жеке қасиеттер мен қабілеттілердің дамуын өлшеудің сенімді инструменттерін құру болып табылады. Ревеннің және Векслердің түпкілікті зерттеулері интеллектуалды даму көрсеткішін анықтайды, өйткені интеллектуалды даму қабілеттің негізгі көрсеткіші болып қаралады.

Творчестволық қабілетті балалармен жұмыс жүргізудегі негізгі бағыт - оқыту мен тәрбиелеудің беріктілігі болып табылады. Творчестволық қабілетті баланы анықтау үшін ең алдымен баланың бойындағы интеллектуалды анықтап алу қажет.

Мектеп мұғалімі баланың дарындылығының ерекшеліктерін білген соң, қабілетті баланы оқыту процесін ұйымдастыруда ерекше тәсілдерді қолдануы тиіс.

Творчестволы қабілеттің негізгі параметрлері:

- білуге құмарлық, білімге ынтызарлық, барлық жаңаға қызығушылық;
- тапқырлық, фантазия, қиял;
- альтернативті ойлау;
- творчестволы ойлау, көркемдік, ойшылдық;
- ойлаудың иілімділігі, мәселені әртүрлі көзқарас бойынша қарастыру қабілеті;
- ойлаудың айырмашылығы, тапсырманың шаблонды емес шешімдеріне бейімділік;
- ойлауда және пікір айтуда тәуелсіздік және өзбеттілік;

- өзіндік қызығушылығымен байланысты тапсырмаларды өзбетінше орындау;

- қызығушылықтың кеңдігі мен тереңдігі;

- қызығушылықтары мен құмарлығының тұрақтылығы;

Интеллектуалды қабілеттің негізгі параметрлері:

- талдауға және логикалы ойлауға қабілет;

- абстрактылы ойлау (жалпылауға қабілет);

- математикалық қабілет;

- жаратылыс ғылымдарына қабілет (физика, химия, биология және т.б.);

- сөйлеу қабілеті (сөздік қор байлығы, өз ойын еркін жеткізу, шетел тілдерін жеңіл меңгеру);

- оқу қабілеті (тез ойшылдығы, жақсы есте сақтау, қатесіз қайта жаңғыртуы, белсенділік);

- техникалық және конструкциялық қабілеті;

- мектеп бағдарламасынан тыс білімдер, ғылымның бір немесе бірнеше салаларынан (өнер және т.б.) білімдері [15].

Оқушылардың жеке тұлғалық өзіндік ерекшеіктерінің мәні неде? Оның мәні әртүрлі сұрақтар бойынша пікірдің өзіндік айырықшылығында, қайталанбастығында және көзқарастың біртекті еместігінде.

Баланың бұл қабілеттері әзірге мектепте оларға арнайы жағдай жасалынбағандықтан көрінбеуі мүмкін.

Зерттеуге негіз болатын әдістер:

1. Балалардың творчестволық қабілетін дамытуға арналған ойындар мен әдістемелер сипаттамасы [12].

«Ассоциация» ойыны - қиялды дамыту ойыны. Балаларға сын есімдік жұп сөздері беріледі. Бала бұл сөздерге қатысы бар қандайда бір ұғымды табуы қажет. Бұл ойынды әрі тест ретінде, әрі ойын ретінде қолдануға болады.

Мысалы: Домалақ, қызыл - алма, помидор, анар, қазылша, доп, шар т.б. қажетті сөздер: жұмсақ, тәтті; жылы, қалың; қызыл, әдемі; аппақ, мамық; қатты, ауыр; жасыл, үлкен; домалақ; қу, қорқынышты; суық, гуілдейді.

«Әңгімені жалғастыру» - әдістемесі. Мұғалім балаға қандай да бір оқиғаның бастапқы жағын әңгімелей бастайды, әңгіменің ең қызықты немесе қорқынышты жеріне келген соң, балаларға осы оқиға желісін ары қарай жалғастыру тапсырмасы беріледі.

Мысалы: Әңгіме тақырыбы: "Орманда болған оқиға". Әйгерім деген қыз мамасына «мама, орманға барып қыдырайықшы» - деп қоймайды. Мамасы келісіп, демалыс күні қызы Әйгерім екеуі орманға серуенге шығады. Ормандағы әдемі табиғат көрінісін тамашалап, гул теріп келе жатып, Әйгерім мамасынан адасып қалады...

«Мұны не үшін қолдануға болады» - әдістемесі баланың ойлау қабілетігін дамытуға арналған. Балаға қандай да бір затты көрсетіп немесе айтып, ол затты не үшін қолдануға болатындығын сұрайды.

Мысалы: қарандаш - онымен жазады, сурет салады, таяқша ретінде қолданылады, көрсеткіш (указка), құрылыста тіреуіш, қуыршаққа градусник т.б. ретінде қолдануға болады.

«Қызықты ертегі» - әдістемесі. Баланың қиялын дамыту үшін алдын-ала бірнеше конвертке әртүрлі ертегі кейіпкерлерін, кейіпкерінің тапсырмаларын, кейіпкердің жаулары мен достары және ертегінің сиқырлы заттары жазылып салынады.

Бала көзін жұмып тұрып, ертегі кейіпкерін, тапсырмасын, жауын, сиқырлы затын таңдап алады.

Бұл әр ертегінің элементтерінен құралып шығады. Бала осы бойынша жаңа ертегі құрастыру қажет. Мысалы ертегі - бауырсақ, тапсырмасы жоғалып кеткен бауырын (ағасын) табу, жаулары өлмейтін Кащей, досы - ит, сиқырлы заты - ұшатын кілем.

«Суретті жалғастыру» - әдістемесі. Балаға қандайда бір бейнелер салынған, аяқталмаған тапсырма беріледі.

Балалар осы суретке қосымша суреттер салып, сюжетті картина етіп аяқтаулары қажет. Әрі өзі салған сюжетті картинаға тақырып ойластыруы қажет. Мысалы бала тапсырма соңында ауырып қалған итін дәрігерге жүгіріп алып келе жатқан суретін салуы мүмкін.

2. Әдістер топтамасы:

Бастауыш мектеп оқушысының творчестволық танымдарының оның жеке басының дамуымен өзара байланысын анықтау мақсатымен креативтілік пен тұлғалық дамудың өзара байланысын анықтайтын диагностикалық зерттеулер.

Бастауыш мектеп оқушысында креативтіліктің дамуының маңызды сипатына тұлғалық және интеллектуалды қасиеттердің ерекшеліктері жатады. Бастауыш мектеп жасында балалардың заттық әлеммен өзара әрекетінде тұлғалық стратегиясы дамиды.

Диагностикалық зерттеу әдістемелері. Баланың творчестволық мүмкіндіктерінің дамуындағы интеллектінің рөлін анықтау мақсатында мына әдістемеледі қолдануға болады [16]:

1. Равеннің прогрессивті матрицасы.

Равеннің прогрессивті матрицасы интеллект даму деңгейін өлшеуге арналған. Тесті 1936 жылы Л. Пенроуз және Дж. Равен ұсынған.

Олар G факторын өлшеудің ең тиімді тәсілі - абстрактілі фигуралар арасындағы қатынастарды көрсету тапсырмаларын қолдана отырып ағылшын мектептерінің рәсімдеріне сәйкес интеллектіні зерттеуді өңдеп шығарды.

Равеннің прогрессивті матрицасы ең танымалы екі негізгі варианттан тұрады. Ақ-қара және түрлі түсті матрицалар.

Зерттеуді бастауыш мектеп оқушыларына қолдануға болады. Бастауыш мектеп оқушыларына тестің ақ - қара вариантының материалдарындағы А формасындағы 12 типтік матрицасы қосымша қолданылады.

Онда әрбір тапсырма біртіндеп күрделеніп отырады. Оқушыға ұсынылып отырған 6 варианттың ішінен матрицаға жетіспейтін элементті таңдау керектігі түсіндіріледі.

Тестті өңдеу барысында әрбір тапсырманы орындау арқылы келесі тапсырманы орындауға дайындық болып табылатын «прогрессивтілік» талаптарды жүзеге асыру мүмкіншіліктері қолданылады.

А формасының тапсырмалары белгілі бір талаптарға сүйене отырып

жасалынған. Мұнда оқушыдан көріністің жетіспейтін бөлімін толтыру қажеттігі талап етіледі. А формасындағы матрицалармен жұмыс істеу кезінде төмендегідей ойлаудың негізгі процестерді жүзеге асады.

а) құрылымның негізгі элементтерінің дифференциясы және олардың арасындағы байланысты ашу;

б) құрылымның жетіспейтін бөлімдерінің идентификациясы және оны көрсетілген үлгімен салыстыру.

Алынған нәтижелерді өңдеуде әрбір дұрыс шешімге 1 балл қойылып, дұрыс шешімдердің жалпы баллы есептелінеді.

Ақ-қара варианттағы тапсырмаларды орындау уақытын шектеу арқылы жылдамдық тест ретінде және тапсырмаларды орындау уақытын өлшеместен сол арқылы нәтижелілік тесті /Дж. Равен, 1963/ ретінде қолдануға болады.

Равеннің прогрессивті матрицасының көмегімен алынған мәліметтер бойынша оқушылардың жалпы қабілет көрсеткіштерін де анықтауға болады.

2. Векслер тесті. Векслердің мектеп жасына бастауыш мектеп балаларына арналған интеллект субтесттен тұрады. Субтестте вербалды шкала және әрекеттер шкаласы қамтылған.

Бұл балалардың интеллект даму деңгейін анықтауға арналған. Авторы Д. Векслер. Алғаш рет 1939 жылы Векслер-Белльвью шкаласы жасалынды.

Шкала 7 жастан 69 жастағы адамдарға арналған. Векслердің интеллект тесті вербалды және вербалды емес шкаладан, 11 субтесттен тұрады.

1949 жылы Векслер 5,5 жастан 16,5 жасқа дейінгі балаларға арналған интеллект шкаласын ұсынады. Мұнын, алдыңғы тесттен өзгешілігі мұнда 9 лабиринт бар.

1963 жылы Векслердің мектеп жасында дейінгі және бастауыш мектеп балаларына арналған интеллект шкаласы жарық көрді. Ол 11 субтесттен тұрады.

Субтестте вербалды шкала және практикалық әрекет шкаласы қамтылған. Енді зерттеуде қолданылған Векслердің 11 субтесті вербалды және практикалық әрекет субтесттерінің атаулары мен олардың әрқайсысының мазмұнына сипаттама берейік:

Вербалды субтесттер. Практикалық әрекет субтесттері

- | | |
|-----------------------------|------------------------------------|
| 1. Мағыналық | 2. Жануарлар үйі. |
| 3. Сөздік қор. | 4. Картинаны бірізділігі. |
| 5. Арифметика. | 6. Лабиринт немесе шифрлық сандар. |
| 7. Ұқсастығы табу. | 8. Геометриялық схемалар |
| 9. Түсіну. | |
| 10. Кос шаршылары. | |
| 11. Сөйлем (альтернативті). | |

1. «Мағыналық» субтест - қарапайым мәліметтермен білімдер қорын зерттеуге арналған. Балаға бірнеше сұрақтар беріледі - әрбір дұрыс жауапқа бір балл қойылады. Мысалы, сұрақтар:

- өшіргіш неден жасалады?
- асық неден жасалады?
- жазда адам не себептен жеңіл, ал қыста қалың киінеді? т.б.

2. «Жануарлар үйі» субтесті. Балаға иттің, шөженің, балықтың және мысықтың салынған суретінің жоғарғы жағындағы жануарлар үйлеріне сәйкес жануарларды орналастыру тапсырмасы беріледі. Баға тапсырманы орындау уақыты мен қателер санына байланысты қойылады.

3. «Сөздік қор» субтесті сөздердің мағынасын анықтау, түсіну бейімділігін зерттеуге бағытталған. Оқушыларға бірнеше сөздердің мәнін түсіндіру ұсынылады.

Сөздер 3 топтан тұрады. Бірінші топтағы сөздер кеңінен тараған, екінші топтағы сөздер орташа күрделі, үшінші топтағы сөздер өте күрделі сөздер. Баланың жауабы О ден 2 баллға дейін бағаланады.

I топ	II топ	III топ
алма	бұйрық	парыз
үстел	микроскоп	опера
құрылыс	сәукеле	атамекен

4. «Картинаның бірізділігі» субтесті. Қандай да бір ситуацияны және қызықты оқиғаны түсіну логикалық тұтастық фрагменттерін құрастыру қабілетін анықтайды.

Тапсырма сегіз сериялы картинадан тұрады. Әрбір сериялы картиналарда белгілі бір оқиғаның немесе қызықты оқиғалардың сюжеттері бейнеленеді. Оқушылар оқиғаның жүйелілігі мен бірізділігіне сәйкес оқиға құру қажет. Тапсырма орындалудың дұрыстығы мен уақытына байланысты бағаланады.

5. «Арифметика» субтесті. Зейін тұрақтылығын, сандық материалдарды операциялау икемділігін бағалауға арналған. Оқушылар бірнеше арифметикалық тапсырмаларды ойша шешу қажет. Баға тек тапсырманы дұрыс орындағаны үшін ғана емес, жұмсалған уақытына да байланысты қойылады.

- қолында 9 асық болса, оның біреуін інің, біреуін сіңлің, екеуін ағаң алса, қолында неше асық қалады?

- егер адам екі теңгеден 7 марка сатып алу үшін, дүкеншіге 50 теңге берсе, оған неше теңге қайтарылу қажет?

- егер екі қуыршақ 20 теңге тұрса, 4 қуыршақ неше теңге тұрады?

6. «Шифрлық сандар» субтесті. Көру-қозғалыс дағдысын меңгеру деңгейін зерттейді. Әрбір санның астындағы торкөзге үлгі бойынша берілген таңбаны жазу тапсырмасы беріледі. Тапсырманы орындау уақыты өлшенеді, әрі дұрыс шифрланған сандардың санына байланысты бағаланады.

7. «Ұқсастықтарды құру» субтесті түсініктерді, жіктеулерді, тәртіптілеуді, абстракциялауды, салыстыруды құруға қабілетін бағалауға арналған. Оқушылар жұп сөздер арасындағы ортақтықты құру және сипаттау қажет.

Жалпылау деңгейіне: нақтылығы, қызметі; концепциясына байланысты О ден - 2-ге дейін балл қойылады. Мысалы, "көйлек-пальто" жұп сөзіндегі ортақтықты құру кезіндегі жауаптар төмендегідей болған жағдайда:

- екеуі де матадан жасалынады, түймелері болады (О балл)

- оларды киеді, жылылықты береді (1 балл)

- сыртқы киім (2 балл қойылады).

8. «Геометриялық схемалар» субтестінде 10 қарапайым сызықтарды түрлі-түсті қарындаштың көмегімен көшіру талап етіледі.

9. «Түсіну» субтесті. Ойдың мағынасын толық түсінуі және пікірді, қоғамдағы норманы түсіну қабілеті бағаланады. Оқушылар сипатталған ситуацияларда өздері қандай әрекет жасайтындығын айту қажет.

- егер көшеден мекен-жайы жазылған конверт тауып алсаң не істер едің?
- "темірдің ыстық кезінде бас" деген ой қандай мағына береді?
- құлағы естімей туылған адам не себептен сөйлей алмайды?

10. «Кос шаршылары» субтесті. Сенсомоторлы координацияны және жеке бөліктерді тұтастыққа синтездеу қабілетін зерттеуге арналған.

Оқушыға әртүрлі түстегі шаршылар суретіндегі 10 үлгіні жүйелі қайта жаңғырту ұсынылады. Әрбір тапсырманы орындау уақытпен өлшенеді. Баға тапсырманы нақты орындауына және уақытына байланысты қойылады.

11. «Сөйлем субтестінде оқушы экспериментатор айтқан сөйлемді бірден қайталап айту қажет.

3.Торренс тесті. Е.П. Торренс өзінің тестерін балалардың творчестволық қабілетін дамыту бойынша оқу-әдістемелік жұмыстарын жүргізу барысында дайындайды [17]. Негізінен Е.П. Торренс тесті 3 сериядан тұратын (вербалды, бейнелеу, дыбыстық) 12 тестен тұрады.

Бұл шкаланың өзі екі тапсырмадан тұрады. Бірінші тапсырмада алдын-ала берілген фигуралардан картина салу, екінші тапсырмада бірнеше қосымша сызықтар салу көмегімен мағыналы бейнелі сурет шығару; үшінші тапсырмада параллель сызықтар немесе дөңгелекшелердің көмегімен неғұрлым күрделі бейнелі сурет, құрастыру ұсынылады. Тапсырма нәтижелері икемділігі, айрықшалығы, нақтылығы, жылдамдығы, жетілгендігі бойынша бағаланады.

Торренс тестінің сенімділігі 0,7 -ден 0,9 дейінгі сенімділікті қамтиды. Торренстің ұсынып отырған креативтілік параметрлерінің төмендегіше бағалануын басшылыққа алу қажет.

Жылдамдығы - тест тапсырмаларын тез орындау жылдамдығы және интеллект жылдамдығы бойынша бағаланады.

Икемділігі - тапсырманы орындау барысында бір объектіден екінші объектіге ауысу саны бойынша бағаланады.

Айрықшалығы - біртектес топта кездесетін жауаптардың жиілігі бойынша бағаланады.

Нақтылығы - интеллект тестеріне ұқсастық бойынша бағаланады.

Жетілгендігі - соңғы нәтижесінің өзге көрсеткіштерден ерекшелігі бойынша бағаланады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества. Изд-во Ростов. ун-та, 1983. – 173 с.

2. Хекахаузен Х. Мотивация и деятельность: В 2 т. Т.2. М.: Педагогика, 1986. С.234-248.

3. Тихомиров О.К. Психология мышления. – М.: МГУ, 1984. – 270 с.

4. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии – СПб.: "Питер", 1999. – 720 с.: (Серия "Мастера психологии")
5. Первин Л., Джонс О. Психология личности: Теории и исследования / Пер. с англ. М.С. Жамкочьян под ред. В.С. Магуна – М.: Аспект Пресс, 2001. – 607 с.
6. Солсо Р.Л. Когнитивная психология. – Пер. с англ. – М.: Тривола, 1996. – 600 с.: ил.
7. Дружинин В.Н. Психология общих способностей – СПб.: Питер Ком, 1999. – 368 с.: (Серия "Мастера психологии")
8. Голицын Г.А. Информационный подход в психологии творчества // Исследование проблем психологии творчества под ред. Я.А. Пономарева. – М.: Наука, 1983. С. 210 – 231.
9. Пономарев Я.А. Психология творчества. – М.: Издательство "Наука", 1976. – 302 с.
10. Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как психологический аспект изучения творчества // Исследование проблем психологии творчества под ред. Я.А. Пономарева. – М.: Наука, 1983. С. 182 – 195.
11. Дружинин В.Н. Психология общих способностей – СПб.: Издательство "Питер", 1999.-368. (серия "Мастера психология")
12. Яковлева Е.Л. Психологическая условия развития творческого потенциала у детей школьного возраста. //Вопросы психологии, 1994. №5. с. 37-73.
13. Развитие творческой активности школьников / Под.ред. А.М. Матюшкин: НИИ общ. И пед. Психологии. АПН СССР. –М.: Педагогика., 1991.-160 с.
14. Лейтес Н.С. возрастная одаренность. //Семья и школа. N9. 1990 г. С.31-33
15. Одаренные дети: Пер. с англ. /Общ.ред. Г.В. Бурменской и В.М. Слуцкого; Предисл. В.М. Слуцкого/ -М., Прогресс, 1991.-376с.
16. Методика экспресс-диагностики интеллектуальных способностей (МЭДИС 6-7) методическое руководство. Изд-во "Принтер". Обнинск, 1994. -21 с.
17. Torrance P. The search for satori and creativity. Buffalo.-1979.

ФОРМИРОВАНИЕ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧЕНИКА

*Байсимакова Айгуль Булатовна,
педагог-психолог специализированной
школы-интернат «Дарын», г. Караганда*

Быстро меняющийся мир меняет и представления о том, каким должен быть человек в этом мире, с чем он должен выйти из школы в большую жизнь. Эти представления формируются исходя из интересов общества, страны, семьи и отдельной личности. Формирование у подрастающего поколения активной жизненной позиции, основанной на серьезном нравственно-этическом фундаменте, является важнейшим приоритетом для нас. Именно поэтому наша школа работает над формированием ключевых компетенций учащихся.

Впервые понятия «компетентность» и «ключевые компетенции» стали использоваться в США в сфере бизнеса в 70-х годах прошлого века. Устоявшегося определения для содержания понятия «компетенция» до сих пор нет. Не существует и единой, принятой всеми классификации компетенций. Большинство авторов связывают компетентность с эффективным выполнением какой-либо деятельности или действия.

В Глоссарии терминов Европейского фонда образования (ЕФО, 1997) компетенция определяется как:

- 1.Способность делать что-либо хорошо или эффективно.
- 2.Соответствие требованиям, предъявляемым при приеме на работу.
- 3.Способность выполнять особые трудовые функции.

То есть компетентность-это характеристика, даваемая человеку в результате оценки эффективности/результативности его действий, направленных на разрешение круга значимых для данного сообщества задач/проблем.

Знания, навыки, способности, мотивы, ценности и убеждения рассматриваются как возможные составляющие компетентности, но сами по себе не делают человека компетентным.

Термин «ключевые компетенции» указывает на то, что они являются «ключом», основанием для других, более конкретных и предметно-ориентированных. Ключевые компетенции носят надпрофессиональный и надпредметный характер и необходимы в любой деятельности.

Ключевые компетенции - наиболее общие (универсальные) способности и умения, позволяющие человеку понимать ситуацию и достигать результатов в личной и профессиональной жизни в условиях возрастающего динамизма современного общества.

Ключевые компетенции выпускника средней школы.

Стратегия модернизации образования предполагает, что в основу обновленного содержания положены «ключевые компетенции». Новый Государственный образовательный стандарт Республики Казахстан определяет наряду с традиционными *результатами* обучения – знаниями и умениями –

принципиально новый результат – ключевые компетенции. Ключевые компетенции – это требование государства к качеству личности выпускника средней школы в виде **результатов образования**, заявленные в ГОСО и учебных программах.

Ожидаемые результаты обучения. Что это такое?

- трактуются как компетенции;
- это не «сколько узнал?», а «чему научился?»;
- должны представлять собой широкое описание умений (навыков) учащихся, которые возвышаются над деталями содержания любого конкретного предмета;
- должны быть продемонстрированы учащимися в конце обучения;
- должны быть понятны всем участникам образования;
- должны поддаваться непосредственной или опосредованной оценке;
- должны быть нацелены на выполнение мыслительных навыков более высокого порядка.

Что такое уровень учебных достижений?

- они называются «прогрессивными результатами»;
- контрольные точки, стандарты, которые отражают продвижение ученика к достижению результатов по образовательным областям;
- они отражают результаты, которые ожидаются на пути к достижению общих результатов по образовательным областям.

Система мониторинга качества образования – это отслеживание динамики развития:

- учащихся – на протяжении учения в школе;
- школы – путем самооценки;
- системы образования в целом (на всех уровнях управления)[2.4].

Дискуссии по поводу списка Ключевых Компетентностей продолжаются. Виды компетенций в зарубежных и российских моделях различны. В Республике Казахстан тоже существуют разработки компетентностных моделей в рамках государственных документов системы образования.

Одной из приоритетных целей системы образования Республики Казахстан является развитие функциональной грамотности школьников. «... результатом развития функциональной грамотности является овладение обучающимися системой **ключевых компетенций**, позволяющих молодым людям эффективно применять усвоенные знания в практической ситуации и успешно использовать в процессе социальной адаптации. Выделяются следующие **ключевые компетенции выпускника средней школы**.

Управленческие (способность к разрешению проблем).

Информационные (способность к самостоятельной познавательной деятельности или умение учиться на протяжении всей жизни).

Коммуникативные (способность к устной, письменной, продуктивной коммуникации на казахском, русском и английском (иностранном) языках).

Социальные (способность к социальному взаимодействию).

Личностные (способность к самоорганизации, самосовершенствованию, жизненному и профессиональному самоопределению, самореализации, быть толерантным).

Гражданские (способность нести ответственность за свою родину на основе казахстанского самосознания и культурной идентичности).

Технологические (способность к использованию технологий, в том числе научных, цифровых на уровне эффективного пользователя).

Кроме ключевых компетенций в рамках отдельных предметных областей выделяются предметные компетенции: освоенные специфические знания, умения, навыки в рамках учебного предмета.

В целях обеспечения преемственности содержания между уровнями образования будут определены сквозные ключевые компетенции, накапливаемые на протяжении всей образовательной траектории. Данные компетенции станут рамочной основой для определения ценностного и содержательного наполнения государственного общеобязательного стандарта всех уровней образования, других рамочных документов сферы образования (отраслевые рамки квалификации, профессиональные стандарты). [1.1].

Понятие компетентности шире понятия знания, или умения, или навыка, так как оно с одной стороны, включает их, но в тоже время к ним не сводится, то есть не является простой суммой ЗУНов. Оно включает также результаты обучения (способности решать задачи определенного типа), систему ценностных ориентаций, привычки.

В чем разница между ЗУНами и компетенциями?

Компетенции отличаются от обычных предметных ЗУНов:

во-первых, сложностью структуры, включающей не только ЗУНы, но и элементы жизненного опыта, метакогнитивных знаний и умений;

во-вторых, широтой действия, которая позволяет учащемуся выйти за пределы приобретенных узкопредметных ЗУНов и мобилизовать свои потенциальные возможности для решения проблемной ситуации (учебной, жизненной);

в-третьих, значимостью для саморазвития и самоуправления учащихся [2.3].

Ключевые компетентности приобретаются в образовательном процессе в результате опыта их успешного применения. В образовательном процессе ключевые компетентности могут быть приобретены, если создаются следующие условия:

- деятельностный характер обучения;
- ориентация учебного процесса на развитие самостоятельности и ответственности обучающегося за результаты своей деятельности;
- создание условий для приобретения опыта постановки и достижения цели;
- четкость и понятность всем сторонам учебного процесса правил аттестации;
- организация продуктивной групповой работы.

Компетентностный подход

Стратегия модернизации содержания общего образования одним из оснований обновления образования называет «компетентностный подход». Понятие *«компетентностный подход»* получило распространение в начале 21 века в связи с дискуссиями о проблемах и путях модернизации современного образования. Компетентностный подход предполагает не усвоение учеником отдельных друг от друга знаний и умений, а овладение ими в комплексе. В связи с этим по-иному определяется система методов обучения. В основе отбора и конструирования методов обучения лежит структура соответствующих компетенций и функций, которые они выполняют в образовании. Общеобразовательная школа не в состоянии сформировать уровень компетентности учеников, достаточный для эффективного решения проблем во всех сферах деятельности и во всех конкретных ситуациях, тем более в условиях быстро меняющегося общества, в котором появляются и новые сферы деятельности, и новые ситуации.

Цель школы — формирование ключевых компетентностей.

Данный подход к определению ключевых компетенций соответствует пониманию фундаментальных целей образования, сформулированных в документах ЮНЕСКО:

- научить получать знания (учить учиться);
- научить работать и зарабатывать (учение для труда);
- научить жить (учение для бытия);
- научить жить вместе (учение для совместной жизни).

Предполагается, что в основу обновленного содержания общего образования, в качестве его основных целей, положено развитие или формирование у учащихся так называемых "ключевых компетентностей". В мировой образовательной практике понятие компетентности, как цели образования, выступает в последние годы в качестве одного из центральных понятий, а включение в образовательные цели школы формирование ключевых компетенций и связанных с этим изменение методов учебной работы – как основное направление реформирования (или модернизации) школы. Причин для этого несколько. Основная причина: необходимость усиления ориентации школы на изменившиеся условия жизни современного общества и, в особенности, сферы труда.

Изменение требований к результату предопределяет необходимость изменений образовательного процесса. В настоящее время необходимо полностью отказаться от представления об учебном процессе как процессе передачи информации.


Одним из главных условий, работающих на повышение качества образования, является внедрение *компетентно - ориентированного* подхода в обучении и воспитании. На смену знаний, умений и навыков выходит понятие компетентности. Это инструмент, при помощи которого можно значительно повысить эффективность современного образования. Компетентностное обучение ориентировано на развитие личности, культуры мышления, аналитической рефлексии, самостоятельности и ответственности за

принятие решений. Все это должно быть в единстве с духовными и моральными ценностями личности.

Школа должна помочь ученикам в овладении технологиями жизнедеятельности, создать условия для формирования способностей самооценки, самопознания и самоконтроля, раскрыть потенциал самореализации, самоактуализации и саморегуляции.

Компетентностно-ориентированный подход в обучении

Схема 1



Строится на:

Изменение организации традиционного урока	Включение специально организованной деятельности учащихся в образовательный процесс
---	---

Реализуется через:

Современные образовательные технологии, которые обеспечивают включение в образовательный процесс специально организованной деятельности учащихся.

К компетентностно - ориентированным технологиям относятся метод проектов, учебные проекты, ролевые игры, сюжетные игры, технология развития критического мышления (ТРКМ), Таксономия Блума и др.

Компетентность – это непосредственный результат образования, выражающийся в овладении учащимися определенным набором способов деятельности. Освоить деятельность (в отличие от действия) через подражание невозможно, поэтому учащийся начинает управлять своей деятельностью, используя различные результаты образования, формируя собственный ресурсный пакет, необходимый для формирования компетенции. Именно на это

и направлена деятельность психолога, учителей и родителей, что положительно сказывается на развитии учащихся.

Список литературы

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы с.45
2. Голуб Г., Фишман И. Ключевые компетентности учащихся – новый результат образования. г. Самара. 2003г.
3. Голуб Г.Б. Компетентностная составляющая образовательного стандарта. Материалы Международной НПК., Алматы, 2007.
4. Жадрина М.Ж. Ориентация на результат как условие реализации компетентностного подхода к образованию в школе. Алматы, 2004.
5. Халперн Д. Психология критического мышления. — СПб.: Изд-во «Питер», 2000. — 512 с.: ил. — (Серия «Мастера психологии»).
6. Сайт <http://psylist.net/pedagogika/yro.htm>

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

*Бакиева Минаш Абзийевна,
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы
Алтынбике Бертаева атындағы орта
мектеп – Лавар бастауыш мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі*

XXI ғасырда білім беру өзгермелі өмір талабына жауап беруі тиіс. «Ұлт болам десең, бесігіңді түзе» - деген қанатты сөз бар. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы оның тіліне, дініне, біліміне байланысты.

Бүгінгі мектеп қабырғасындағы бала – ел болашағы, ел тірегі, ертеңіміздің кепілі. Білім берудің басты мақсаты – білім, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар жылдам қарқында өзгеріп жатқан дүниеде лайықты өмір сүру. Ол адамның дарынды, интеллектуалды және креативті болуын талап етеді. Менің алдымда мектеп оқушыларын отансүйгіштікке, шығармашылыққа, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға, саналы білім бере отырып тәрбиелеу және қазіргі нарық қатынасының талабына сай адам етіп шығару міндеті көзделген.

«Еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» [2] деп айтқан ел президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтің сөзі әрбір ұстаздың санасында болуға тиіс, және ол өзінің қиын да қызық шығармашылық еңбегінде серпіліс жасауын уақыт талап етеді.

Мұғалімнің мектептегі негізгі қаруы сабақ болса, сол сабақты озық педагогикалық технология элементтерін тиімді пайдалана отырып өткізуге мүмкіндік туды.

Шығыс даналығы былай дейді: «Адамгершілігі барлар, басқаларға тірек болады, осыны өздері де қалайды, басқаларға жетістікке жетуге көмектеседі, өзі де сол жетістікке жетуді қалайды» (Конфуций). Яғни, бұл баланың ынтасын жетелеу арқылы оқыту; оқушының өзі арқылы, оның іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып, жүзеге асыру деген сөз.

Ана тілің - арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте [7] – демекші, бастауыш сыныпта бала барлық пәнді өз ана тілінде оқығаны дұрыс деп ойлаймын. Ана тілін жетік меңгерген оқушы өзге тілді үйренуге жолдама алады. Сол себепті қазақ баласының, ең алдымен, қазақ тілін жетік меңгеруі оның бастауыш сыныптағы ұстазына көп байланысты.

Қазіргі таңда бала біліміне мониторинг жасауға арналған түрлі халықаралық зерттеулер бастауыш сынып мұғалімдеріне білім беру жолында жаңаша бағыт, жаңаша көзқарас таңдауды талап етеді. Қатар жүретін төрт дағды

(айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) баланың қоршаған әлемді танып меңгеруіне үлкен септігін тигізері анық. Ал енді сол танымдық үрдістердің қалыптасуында, ең алдымен, тілді меңгеру тұрады.

Сабақта белсенді және интербелсенді оқыту технология элементтерін жиі пайдаланудың тиімді жағы - оқушылардың ақыл-ойы мен өзіндік тұжырымы арқылы жаңа тақырыпты саналы түрде меңгеру дағдыларының қалыптасуы. Білімді меңгеру осы технологиялардың әр сатысында дами түседі. Сабақта оқушылардың жеке басын құрметтей отырып білім беру – бұл оқытудың негізгі талабы. Өйткені барлық оқушылардың ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан бұл мәселеге психологиялық тұрғыдан қарап, педагогикалық әрекет, әдістемелік шеберлікпен келу керек.

Оқу сауаттылығының негізі - мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Бұл оқушылардың шығармадан қажетті ақпаратты алуына, нақты мәтіннен қорытынды шығаруына, негізгі кейіпкерлердің әрекеттерін интерпретациялауға, мәтін үлгісімен бекітуге және мәтін құрылымының бастапқы сараптамасын алуға көмектеседі.

Қазіргі таңда оқу сауаттылығы заманауи қоғамдағы өмірге деген дайындықтың маңызды бөлігі ретінде қарастырылады.

Мемлекеттік стандарт талаптарын орындау - сабақтың негізгі қағидасы. Теорияны дұрыс меңгермеген оқушыда тиянақты, жүйелі білімнің болмайтыны анық. Оқушы білімінің негізі теориялық білімде болғандықтан, сабақ барысында баланың теорияны дұрыс меңгеруіне үлкен көңіл бөлінеді. Оқушылардың жүйелі білім алуына, сол оқушылар арасындағы шынайы дарындарды анықтауды 1-сыныптан бастап жоспарлы түрде қолға алынуын көздеймін.

1-сыныпта Ана тілінен оқылымға берілген мәтінді бала өз бетінше оқып, мазмұнын талдау негізінде түсінеді. Әрине, мазмұнын түсінген оқушы кез-келген тапсырманы өз бетінше алып шығады, өз бетінше тақырыпты ашады.

Алматы метросы



Алматы метросы – жаңа метролардың бірі. Әлемнің барлық метро бекеттері бір-біріне ұқсайды. Ал Алматы метросының бекеттері өзгеше. Ол тоғыз бекеттен тұрады. Мұндағы «Мәскеу» бекеті – екі елдің достық белгісі.

«Алматы ақшамы» газетінен

1-сынып. 21 сабақ [4]. «Алматы метросы. Буын» тақырыбын өту барысында, оқушылардың оқу сауаттылығын тексеру мақсатында төмендегідей тапсырма ұсындым

1.	Мәтін не туралы?	А. Алматы метросы туралы В. еліміздің рәміздері туралы
2.	Метро неше бекеттен тұрады?	А. 8 В. 9
3.	Метродағы Мәскеу бекеті ненің белгісі? Жаз. _____	

Осы өздік жұмыстағы 3-тапсырма дарынды балаларға арналған. Тәжірибе көрсеткендей, тапсырманы дұрыс түсінген дарынды бала еш қиындықсыз өз ойын жеткізеді. Дарындылықтың негізгі белгілері ой-өрістің жоғарылығы, шығармашылық және тиімді ойлауы, өз ойын еркін айта алуы, қатынас пен белсенділік, қозғалғыштық болса; сол психикалық үрдістер осындай тапсырмаларды орындауда кеңінен анықталады.

1-сынып. 41 сабақ. Оқушылардың оқу сауаттылығын тексеру мақсатында төмендегідей тапсырма ұсындым

1.	Мәтін не туралы?	А. Көкек туралы . В. Жапалақ туралы. С. Қарлығаш туралы. Д. Тышқан туралы.
2.	Жапалақтың қандай сезім мүшесі туралы айтылады?	А. Құлағы туралы . В. Тұмсығы туралы . С. Қанаттары туралы . Д. Көздері туралы .
3.	Жапалақ неге түнде ұшады? Жаз. _____	
4.	Саған қандай құстар ұнайды? Жаз. _____	

Бұл жұмыстағы соңғы екі тапсырма баланы ойлануға жетелейді.

Өліппені жақсы меңгеріп, Ана тілін қолға алған оқушылар мұндай тапсырмалар орындауда жоғарғы көрсеткіш көрсетері анық.

Келесі сабақта тапсырма түрін өзгертіп, үйде мәтінді неше қайтара оқып, мазмұнын біліп келген оқушыларға еске сақтаған мәтін мазмұнын жазып беруді тапсырдым. Бұл тапсырманы орындауда дарынды балалар ешкімге ұқсамайтын өздерінің жеке ойларын қосуға асығады.

Оқу сауаттылығын дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы - сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі. Сындарлы оқытудың мақсаты - оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқушылардың тақырыпты сыни тұрғыда меңгеруі ұтымды таңдалған жұмыс түрін талап етеді. Сабақтарда жиі қолданылатын әдіс-тәсілдер:

«ДЖИГСО»

Топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Талқылауға аз ғана уақыт беріледі. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін құрастырады. Топтарға мәтіннің толық нұсқасы таратылады. Толық мәтін мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесіп отырып аяқтайды.

ДЖИГСО әдісімен жұмыс ақпарат алу мен пысықтауға, ойлауға ықпал етеді. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты - жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Мәселен, әдісті қолдануды төмендегіше қарастырып көрейік.

Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұлар - бастапқы жеке жұмыс топтары. Берілгені тұрған жұмыс мәтіні төртке бөлінеді. Енді топ мүшелері төртке дейінгі реттік жүйеде тағы бөлінеді. Тіпті тақырыпқа қатысты сұрақ қойып, айтылған сөздерді шартты атау ретінде бөліп беруге де болады (мәселен, берілген сөйлемдердің мағыналық түрлерін анықтаңдар: сұраулы, лепті, хабарлы, бұйрықты). Бұл жолы әр сан иелері немесе атау иелері өз алдына «жұмыс тобын» құрайды.

Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланды соң, осы мәтінді топта талқылап, түсіну қажет екендігі ескертіледі. Логикалық түрде төрт бөлікке бөлінген мәтін бөліктері әр топқа таратылады. Топтар тұтас мәтінмен емес, тек белгілі бөлікпен ғана жұмыс істеп, бүге-шігесіне дейін талдайды, пікір алмасады, ойын нақтылайды. Жұмысты бастамас бұрын екінші құрылған шағын топқа бара жатқан оқушыларға «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті болты жақсы меңгеру қажеттігі айтылады, өйткені сол бөлімді «бастапқы топ» мүшелеріне түсіндіруге жауапты болатыны, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының жұмыс істеуі мен зейін қоя түсінуіне байланысты екені түсіндіріліп, жауапкершілік жүктеледі.

Бұл стратегия мазмұнды жан-жақты меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін ұмтылу, жауапкершілік дағдысына баулу мақсаттарында аса тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды.

«Елестету көрінісі»

Мәтіннің басты мәнін мүмкін болса, елестетуге тырысу керек. Егер мүмкіндік болса, сурет, сызба, тірек сызба т.б ретінде қағазға түсіріп, суреттерді қорғау.

«Даналық ағашы»

Оқушылар ішінен бір жүргізуші сайланады. Жүргізушінің қолында қорап немесе сандықша болуы керек. Оқушылар тақырып бойынша ашық сұрақтар құрастырып, жүргізушіге береді. Сұрақтар құрастырылып біткен соң, оқушылар

сандықшадан кез келген сұрақты алып, дауыстап оқиды, толық жауап беруге тырысады. Қойылған сұрақпен берілген жауап бағаланады.

«Данышпан үкілер»

1. Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері.

Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазыңыз. Мәтіннен сіз күтпеген, сіздің бұрынғы ұғымдарыңызға қарсы тұрған ақпаратты табыңыз. Сізге жаңалық болған ақпаратты жазыңыз.

2. Маңызды өмірлік даналық.

Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңіз.

3. Таныс және таныс емес.

Мәтіннен сізге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңыз.

4. Иллюстрациялық бейнелеу.

Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба, карикатура т.б. арқылы бейнелеп көріңіз.

5. Үлгі боларлық қорытынды.

Оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма?

6. Талқылауға арналған маңызды тақырыптар.

Сыныпта талқылауға тұрарлықтай, ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табындар.

«Әдебиет лотосы»

Мақсаты: оқыған әдеби шығармалар кейіпкерлері туралы кестені толтыру. Белгілі бір уақыт ішінде кесте толтырылуы керек. Хрестоматиядан оқыған шығармаларды да пайдалануға болады.

Шығарма атауы

Авторы

Кейіпкері

Қандай?

Қандай жағымды қасиеттері мен қылықтары ұнайды?

Кейіпкерге ұқсағың келе ме, жоқ па? Себебін түсіндір.

«А,В,С»

А - сұрақ қояды.

В - жауап береді.

С – айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса толықтырады.

Оқушылар топта үшеуден отырады. А — сұрақ қоюшы, В – жауап беруші, С — бақылаушы рөлін атқарады. Бақылаушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді.

Оқушылар осы сұрақтарға жазбаша стикерге жауап береді. Ұсыныс, тілектерін айтады.

«Баяндама»

Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуға, соңынан оның мазмұнын сурет, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды. «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз болады.

«Блум түймедағы».

Блум түймедағының алты күлтесі – сұрақтар типінің алты түрі.

1. Қарапайым сұрақтар. Оларға жауап бере отырып, болған жайттар туралы әңгімелеп беруге болады. Дәстүрлі бақылау жұмыстарында, терминологиялық диктанттарда, т.б. қолданылады.

2. Анықтаушы сұрақ. Әдетте, «Сонда сіз солай демекшісіз ғой ..?», «Менің түсінуімше, сіз ...», «Менің қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше, сіз былай айтқан сияқты болдыңыз...» деген сұрақтар болады. Бұл сұрақтар анықтау мақсатында жайдары көңілмен берілуі керек.

3. Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақ. «Неліктен жапырақтар күз мезгілінде сарғаяды?» - деген сұрақтың жауабын оқушылар білетін болса, ол сұрақ жай сұраққа «айналады».

4. Шығармашылық сұрақтар: «егер», «болса», «қалай болар еді» деген сияқты сөздермен келеді.

5. Бағалау сұрақтары. «Неліктен бұл жақсы, басқасы жаман деген баға алды?», «Бір нәрсе екінші нәрседен несімен ерекшеленеді?» - деген сұрақтар бағалау критерийлерін түсіндіруге бағытталған.

6. Тәжірибелік сұрақтар. «Күнделікті өмірде қай жерде байқайсыз?», «Кейіпкердің орында болсаңыз, не істер едіңіз?» - деген сипаттағы сұрақтар теория мен практиканы ұштастырады.

Бұл әдіс-тәсілдерді жаратылыстану, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында мәтінмен жұмыс барысында жиі қолдану – оқушы шығармашылығын арттыруға үлкен көпір болып табылады.

Жаңаша оқытудың басты сипаты – мақсатты нәтиже.

Мұндай оқытудан күтілетін нәтиже:

1. Оқушы пән бойынша Мемлекеттік білім беру стандарт талаптарын орындайды.

2. Бастауыш сынып оқушысының оқу сауаттылығы артады.

3. Оқушының негізгі орта мектепке даярлығы жоғарылайды,

5-сыныпқа үлкен дайындықпен келеді.

4. Оқушының сөйлеу мәдениеті қалыптасады, дәлелді сөйлеуге үйренеді.

5. Мемлекеттік тілге құрмет күшейеді.

8. Баланың көптеген психикалық үрдістері жақсарады (ойлау, еске сақтау, еске түсіру, елестету, салыстыру, өзін бағалау т.т.)

9. Білім алуда оқушының жауапкершілігі артады.


Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.*
- 2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2021.*
- 3. Қ.Жарықбаев. Психология. Алматы. Мектеп. 1982ж.*
- 4. Ана тілі. Оқулық. Уайсова Г., Сәдуақас Г. Бесірова А. С. 2021. Атамұра*
- 5. PIRLS - бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын бағалау. Алматы, 2016.*
- 6. А.Х.Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014.*
- 7. Қадыр Мырза Әли. Қанатты сөздері.*

МӘРТЕБЕЛІ ПСИХОЛОГ – ЖАҢАШЫЛДЫҚ ШЕБЕРІ

*Истигулова Мейрамгул Кантарбаевна
Ақтөбе облыстық мамандандырылған
физика-математикалық мектеп-
интернатының педагог-психологі*

«Адам жанын түсіне білу, оны зерттей білу - үлкен өнер» деп австриялық дәрігер психолог Зигмунд Фрейд айтқандай әрбір жүректің құпия сырын түсініп, зерттеп қана қоймай, жан дүниесінің тыныштығына ерекше назар аударатын бұл - психолог маманы. Бүгінгі таңда психолог маманы - адамзат игілігі үшін жоғары мамандықтардың бірі десе болады. Олай болса, қазіргі жаһандану заманында мәртебелі, жаңашыл психолог қандай болуы керек?



№1 - сурет

Бүгінгі педагог – психологты айқындайтын сапа, оның кәсіби құзырлығы, яғни психологиялық білімінің тереңдігі. Педагог – психолог қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның кәсіби құзыреттілігі де сонша болмақ.

Заманауи педагог – психолог оқу – тәрбие кеңістігіндегі төмендегідей іс - әрекеттерді атқара алуы тиіс:

1. тұлғааралық байланыс мәдениеті қалыптастыру,
2. өз қызметінің негізгі аспектілерін меңгеру,
3. практикалық кәсіби тапсырмаларды орындай білу.

Жаңашыл психолог маңызды пайдаланатын ұстанымдарға көз жүгіртсек, олар:

- Баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс – әрекетіне талдау жүргізу (арнайы ұйымдастырылған сабақтарға қатыстыру);
- Дамытушылық ықпал ете отырып, баланың психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін әдіс – тәсілдерді пайдалану;
- Баланың болашақтағы даму мүмкіндігін есепке алып, бағалап отыру, кәсіби кеңес беру;
- Оқушының икемділігі мен қабілетін айқындау мақсатында жан – жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- Жұмыс нәтижесін талдау, бақылау;

Тұлға қабілеттерін анықтауға және дамытуға арналған психологиялық жаттығулар

«БАҚЫТ БЕЙНЕСІ»

Мақсаты: бақыт туралы түсінігін ашу, бақытты өмірге талпындыру, нақты мақсатқа бағыттау.

Жүргізілуі: жеке – жеке парақшалар таратылады және түрлі - түсті қарындаштар беріледі.

«Кәне, біз бақыт дегенді қалай түсінеміз, оны қалай суреттеп салар едіңіз?»

- ой тастау арқылы сурет салдыру.

Салынған сурет бойынша талдау:

✓ күн, кемпірқосақ, яғни табиғат түрінде бейнелеп салынған суреттер болса, олар көбінесе бақытты сыртқы ортадан табатын жандар. Достарымен, яғни қарым – қатынас жасау арқылы. Бұл бағыттағы адамдар қарым – қатынас жасау бағытындағы мамандықтарға өте икемді.

✓ Ал, өсімдік, жүрек, адамдар бейнесі, отбасы бейнесі, смайликтер, әшекей бұйымдар бейнелеп салынса, олар бақытты ішкі ортадан табады. Отбасынан, айналасындағы адамдардың өзі туралы айтқан ойларынан, жалпы өмірдің әр сәтінен. Бұл бағыттағы адамдар эстетикалық, шығармашылық салаға икемді.

✓ Заттар, бұйымдар, елтаңба, ту, ескерткіш, зәулім үйлер бейнелеп салынса, олар бақытты бір үлкен дәрежеге жеткенде сезінетін жандар екен. Бұл бағыттағы адамдар техникалық, экономикалық салаға икемді.

✓ Ақша, кітап, фотоальбом, кеңсе тауарлары т.б бейнелеп салынса, олар мақсатқа ұмтылған кезде бақытты сезінетін жандар. Бұл бағыттағы адамдар логикалық, ой жүйесі, статистикалық салаға икемді.

«ТҰЛҒА»

Мақсаты: тұлғалық ерекшеліктерді анықтау.

Нұсқау: төртбұрыштың ішіне өзіңізге ұнайтын жұлдыз, шеңбер, ромб біреуін тандап суретін бейнелеңіз.

Салынған сурет бойынша талдау:

- ✓ Жұлдыз – лидер, оптимист, ұйымдастырушылық, басқарушылық қасиет тән. Өз көздеген мақсатына қол жеткізуге барлық мүмкіншілікті жасайды, танымдық жағынан қозғалу есі жақсы дамыған, қозғалу есі – заттың қозғалысының ұзақ есте сақталуы. Мысалы: өмірде адамдардың жүріс – тұрысының жатталып қалуы.
- ✓ Шеңбер – қарым – қатынаста барлығымен тең дәрежеде қарым – қатынас жасайды, конфликтіге түспейді, қарапайым, танымдық жағынан көру есі жақсы дамыған, көру есі – нәрсенің сыртқы түрін есінде ұзақ сақтап қалу. Мысалы: бейтаныс адамның сыртқы бейнесі.
- ✓ Ромб – ашық, көпшіл, мінезі өзгермелі, ойы өте еркін, танымдық жағынан есту процесі жақсы дамыған, есту процесі – дыбыстарды есте ұзақ ұстағыштықты білдіреді. Мысалы: кейбір оқушы сабақты өзі оқығаннан гөрі, мұғалімнің сөйлегенін тындағанда, тез жаттап алады.

«6 ТҰЛҒАЛЫҚ ФАКТОР»

Мақсаты: оқушының қызығушылық бағытын, қарым – қатынас деңгейін, жаңа ортаға бейімделуін, мақсат көздеушілігін, ішкі энергиясын, лидерлік қабілетін анықтауды қамтамасыз етеді және де оқушы туралы жалпы мағлұмат алуға мүмкіндік береді.

Нұсқау: Қағазда 6 бөлімнен тұратын тапсырма берілген. Осы берілген тапсырмалардың ішіндегі алдыңғы 5 тапсырмалық бөліміндегі төртбұрыштарға өз ойыңызға келген, кез – келген суретті салыңыз. Ал, соңғы алтыншы бөлімдегі төртбұрышқа пілдің суретін салыңыздар. Орындауға 2 минут уақыт беріледі. Ескеретін жайт, төртбұрыштардың біреулерінде арнайы белгілер бар, оны сурет салған кезде ескеруге де, ескермеуге де болады. Егер тапсырма бөлімінде екі төртбұрыш берілсе, суретті екеуіне де немесе біреуіне салуға болады, оны өз еркіңіз біледі.

Берілетін 6 факторлы тапсырмасы:

“6 тұлғалық фактор”

1	
2 —	3
4 .	5 —
6	

№2 - сурет

Салынған сурет бойынша анықтама қорытынды:

1. Қызығушылық бағытын анықтайтын фактор

- егер сурет үлкен бөлігіне салынса, қызығушылығы адамдарға бағытталған; яғни адамдармен қарым - қатынасты жақсы көреді.
- Егер кішкентай бөлігіне салынған болса, өзіне бағытталған; яғни өзіне назар аударғанды жақсы көреді.
- Егер сурет екеуіне де салынған болса, онда адамдарға да, өзіне де бағытталған.

2. Қарым – қатынас деңгейін анықтайтын фактор

- егер екі сызық қосылатын болса, ашық қатынаста;
- егер екі сызық қосылмаса, тұйық болғаны;

3. Жаңа ортаға бейімделе алушылықты анықтайтын фактор

- егер сурет доға түрінде салынса, онда тез бейімделеді;
- егер, бұрыш, төртбұрыш, түзу сызық түрінде салынса, онда тез бейімделе алмайды;

4. Адамның мақсат көздеушілігін анықтайтын фактор

- егер нүкте салынған суреттің бір элементі болса, онда мақсат көздей алмайды;
- егер нүкте сырт қалса, онда мақсат көздейді;

5. Адамның энергиясын анықтауға арналған фактор

- егер таяқша салынған суретке қатысты болса, энергиясы жоғары;
- егер таяқша салынған суретке қатысты болмаса, энергиясы төмен;

6. Лидерлік қабілетті анықтайтын фактор

- егер сурет кіші бөліктің ішіне салынса, лидерлікке ұмтылмайды;
- егер үлкен бөліктің ішіне салынған болса, лидерлікке ұмтылады;
- егер екі бөлікке салынса, онда жәй қарапайым қатынасты қалайды;
- егер салынған суреттерде пілдің бір элементі анық және нақты салынған болса, онда оның авторитарлық немесе диктаторлық қабілеті басым болғаны;

«Мейірімділік жүрегімде» атты психология апталығының жоспары

